



Педагог

№1 (85)

(Қаңтар-Ақпан)
(Январь-Февраль)

2025

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

С. Сыдыққызы

Әулет өнерін аялаған Талғат 3

К. Сахарбаева

Тәрбие, тәлім, таным – тұлғалық тұлғаның бастауы 9

С. Садықов, Д. Таскарина

Талғат Әнесұлы Камалиденовтің мерейтойына ізгі тілектер 12

А. Самыков

Қазақтың атадан қалған аспабы – домбыра 14

М. Хайдарова

Қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы
ұлттық құндылықтарды қалыптастыру 17

Т. Увалиев

Есімі ұмытылмас ұлағатты ұстаз! 20

Ғ. Рсбаева

Балабақшада ұлттық құндылықты насихаттау 24

Ұ. Ерімбетова

Ағылшын тілін оқыту процесіндегі ойын технологияларын қолдану 26

Б. Калабаева

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру жолдары 30

Т. Рыжих

Профессиональный путь к успеху через знакомство 32

А. Кабдрахманова

Общие требования к архитектурно-ландшафтному проектированию 33

Т. Әділхан

Квадрат теңдеулерді шешу әдістері: теориясы, практикасы және
қолданылуы 35

Ж. Махамбетов

Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы 38

А. Бейсалиева

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы 41

Ж. Саттарова

Ою-өрнек әлемі 44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде

15.02.2010 ж. Астана

қаласында тіркеліп, №10712-Ж

куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

17.02.2025 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,

кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 17.02.2025 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Әулет өнерін аялаған Талғат

Өмірді өзен, өнерді дәрия деп қарасақ, Атырау өңірінде сол өнер дәриясында өзіндік ізі мен қолтаңбасын қалдырып, еркін жүзген үлкен бір әулет ол — Камалиденовтер әулеті. Қобыздың сиқырлы үнін сызылтып, домбыраның қоңыр үнін төгілдіріп, сырнай сынды мыңсан үнді аспаптың құлағында ойнайтын өнерлі ұстаздардың бәрі осы отбасынан табылады. Тіпті осы әулеттің табалдырығын аттап, келін болып түскен қыздар да қазақтың киелі аспабы — қобыздарын құшақтай келеді... Әулеттің кенжесі ҚР Мәдениет қайраткері, Нұрғиса Тілендиев атындағы кіші өнер академиясының домбыра класы бойынша ұстазы — Талғат Әнесұлы Камалиденов ердің жасы елуді еңсеріп отыр.




ЮНЕСКО-ның Материалдық емес бекзат құндылықтар тізіміне 2014 жылы қазақтың домбырада тартылатын дәстүрлі күй орындау өнері енгізілгені белгілі. Енді міне он жылдан асқанда — 2025 жылы қазақтың киелі қара домбырасының Әлемдік мәртебесі бұрынғыдан да биіктей түсті. Қасиетті қара домбыраның мәртебесін асқақтатып, мерейін тасытып жүрген шебер күйші, білікті дирижер, білгір ұстаз Талғаттың өнер дәриядағы еңбек жолы қалай басталып еді...

Талғат Әнесұлы 1996 жылы еңбек жолын Дина Нұрпейісова атындағы қазақ ұлт аспаптары оркестрінде домбырашы болып бастады. Аз ғана жылдың бедерінде Талғат Әнесұлы осы оркестрдің бас дирижерлігіне дейін көтерілді. Оркестрмен өз елімізде, бірқатар шетелдерде гастрольдік сапарларда болып, қазақтың домбырада төгілген төл өнеріне тыңдарманын тәнті еткен белгілі музыкант, бүгінде Кіші өнер академиясында білікті ұстаз атанды. Көп-

теген шәкірттері халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері.

Өңірге өзінің музыканттығымен қатар, білім саласының білгір басшысы ретінде танылған Әнес ақсақал балаларының ержеткенін, алдының шаңырақ көтеріп, үй болғанын көргенімен, немере-шөберенің қолынан су ішіп, май жалай алмады. Өзінің өнердегі өрелі жолын жалғастырған ұлдары Ерболат пен Талғаттың да алған асуларына куә болып, жеткен жетістіктерін қызықтай алмады. Алпыстан енді аса бергенде айналдырған аурудан ажал атты тажалдың тырнағына ілініп кете барды.

Әнес Камалиденұлы Атырау қаласындағы Мәкәлім Қойшыбаев атындағы және Құрманғазы атындағы балалар мектептерінің директоры қызметтерін жемісті атқарып, кейіннен музыка училищесінде прима-домбыра класынан сабақ берген аға ұстаз, 14 жыл қатарынан оқу ордасында оқу ісінің меңгерушісі болған білікті маман еді.



Атырау аймағына кеңінен таныс Камалиденовтер әулетін барша жұрт осындай кәсіби музыканттар, білікті ұстаздар қауымы деп біледі. Әнес ұстаздың жары, төрт баласының анасы – Сұлухан Қожантаева да тындарманын қобыз үніне ұйыта жүріп, талантты шәкірттер даярлаған ұлағатты ұстаз. Білім беру ісінің үздігі, бүгінде құрметті зейнетте, немере шөберелерінің ортасындағы бақытты әже.

Ұлтымыздың ежелгі бай ән-күй өнеріндегі алпыс екі тамырлы акжелен, тоғыз тараулы қоңыр күйлерді домбырада төгіліп, қасиетті қобызда сызылтқан ата-анадан үлгі алып, құлағына құйып өскен ұлы-қыздың да өнер әлемінен алыс кетпесі анық. Отбасының кенжесі – сүйікті де сүйкімді ұл Талғаттың көргені мен көңілге түйгені қазақтың қасиетті қара домбырасы болатын, оның жаныңды жадыратып, кө-





ніл көкжиегін кеңейтер күмбір үні күнделікті серігі болатын.




Осындай әдемі әлемде ержеткен Талғат музыка мектебін бітірген соң, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының студенті атанған еді. Отбасылық жағдайына байланысты екінші курстан кейін Атырау университетіне ауысуға тура келді. Дегенмен, алғашқы жолы аяқтай алмай кеткен оқуын консерваторияның сырттай бөлімінде жалғастырып, «концерттік орындаушы және оқытушы» мамандығы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Кәрима Сахарбаеваның класынан бітірді.

Талғат Әнесұлы Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінде құрылған күннен бастап, асқар тау әкесінің де жұмыс істеп, өзіндік қолтаңбасын қалдырғанын дирижерлік пульте тұрған сайын сағына еске алып, бойтұмарындай қастерлеп-қадірлеп, сол сезімнен ерекше қуат алады. Оркестрге жетекшілік етіп, бас дирижерлікке бекітілген сәттен-ақ осы бағытта теориялық білімін жетілдіру үшін Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының «Біліктілігін жоғарылату және кадрларды қайта даярлау факультетінде Қазақстанның халық артисі, профессор, Төлепберген Әбдірашовтан «Оркестрлік дирижерлау» мамандығы бойынша оқып, оны үздік аяқтап шықты.

2003 жылы Ресейдегі Қазақстан күндерінің аясында Астрахань жеріндегі мәдени іс шараға белсенді қатысқаны үшін Ресей Федерациясы мәдениет министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды, ал 2004 жылы Талғат Камалиденов Құрманғазы атындағы Мемлекеттік академиялық оркестрдің 70 жылдық мерейтойына арналған Алматыдағы концертте дирижерлік етуге арнайы шақырылып, шеберлігін шындады.

Дина оркестрі Астраханьда Құрманғазы Сағырбаев атындағы мәдени орталықтың ашылу салтанатында Талғат Әнесұлының дирижерлігімен өнер көрсетіп, Қазақстанның халық әртісі, профессор Рысбай





Ғабдиевтің 70 жылдық мерейтойына орай Алматыдағы еске алу кешінде Абай атындағы опера және балет театрының салтанатты сахнасын күй дүбіріне бөледі.

2007 жылы Астана қаласында Халықаралық «Серпер» фестиваліне оркестр ұжымын басқарып барып, тандаулы өнер ұжымдарының ортасында концерт беру, келесі жылы осы халықаралық «Серпер» фестиваліне құрметті қонақ ретінде шақырылып, халық әртісі Фуад Мансуров, Өзбекстан халық әртісі Фарух Садықовтармен бірге дирижерлік



такта өнер көрсетудің өзі мәртебені өсірген ұмытылмас сәттер болып есте қалды.


2011 жылы «Түрксой» халықаралық мәдени ұйымының шақыруымен Түркияда күй анасы Дина Нұрпейісованың 150 жылдығына арналған шараларда оркестрмен бірқатар қалаларда концерт берілді. Сондай-ақ, Газиантеп, Мәрсин сияқты қалаларында да концерт беріп, Анкарада Д. Нұрпейісова атында ашылған аллеяның лентасын қию құрметіне ие болды.

2013 жылы Талғат Әнесұлы Құрманғазы Сағырбайұлының 190 жылдығына арналған Астанадағы салтанатта республика артистерінен құралған 1000 адамдық оркестрге дирижерлік етумен мерекелік концертті ашқан тарихи күн де өнер дәриясындағы жарқын сәттің бірі еді.

Талғат Камалиденов домбырашылық, дирижерлік бағытта бай тәжірибе жинақтаған соң, Н. Тілендиев атындағы кіші өнер академиясына ұстаздық қызметке ойысты. Енді өзінің білгені мен білігін өскін ұрпақтың бойына сіңіріп, бабалардан келе жатқан бағзы да, бекзат өнер — домбыра құлағында ойнап, күмбірлете күй тартатын ұлттық рухы мықты шәкірттер тәрбиелеу ісіне құлшына кірісті. Кіші өнер академиясында балалардың домбырашылар оркестрін, балалар фольклорлық ансамбльдерін құрып, оларды түрлі байқаулар мен жарыстарға алып барып, балғындардың өнерлерін шыңдауды да игі дәстүрге айналдырған ұлағатты ұстаз ол. Ұстаздың мамандығына адалдығы мен кәсіби шеберлігінің айғағындай 2016 жылы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында өткен Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындары арасындағы Республикалық пәндік олимпиадада қазылар алқасының қатарында жастардың өнерін бағалады.

2018 жылы балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы Қазақстан жас орындаушыларының республикалық конкурсының жеті бірдей жүлдегерін дайындағаны үшін Қазақстан Республика-





Талғаттың жары – Гүлжазира Әуезова Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының түлегі, енесі Сұлухан Қожантаева тәрізді прима қобыздан шәкірттерге сабақ береді. Талғатпен бірге Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінде қобызшы, концертмейстер болды.

сы Мәдениет және Спорт Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталса, 2022 жылы Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары мен білім саласына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды.

Талғат Әнесұлының өнер жолында да, өнердегі ұстаздық жолда да үлгі алып, үйрене жүріп, асқақ мақсаттарға талпындырған ата-анасымен қатар, алдындағы ақжайлау ағасы, сырнай аспабы бойынша халықаралық дәрежеде танылған маман, Атыраудағы сырнай мектебінің негізін салушы ұстаз Ерболат Әнесұлының орны да, жөні де бөлек. «Білім беру ісінің үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Ерболат Камалиденовтің сырнайды құлаштай кере сызылтып, әсем үнімен жан-дүниеніңді жайлы бір күйге бөлейтін шәкірттері республикадан тыс аймақтарда да таланттарымен танылып үлгерген.

Шаттықты шаңырақ құрған қос музыканттың төрт баласының алды Аяжан Талғатқызы Астанадағы қазақ Ұлттық өнер университетінің түлегі, «Атырау» телеарнасында режиссер-жүргізуші, Дана Европадан білім алып келген маман. Егіз ұлдары Әлихан мен Батырхан да ержетіп келеді, қазір колледж студенттері.

Болмысынан байсалды, әр қадамын сөзбен емес, іспен дәлелдейтін ұлағатты ұстаз Талғат Әнесұлы Камалиденовке «Елу деген – ердің жасы еңселі, елу деген парасаттың өлшемі» деп ақын жырында айтылғандай, әрдайым азаматтық парасат биігінен табыла беріңіз деген тілегімізбен аз-кем әңгімемізді аяқтаймыз.

Сағат СЫДЫҚҚЫЗЫ,
халықаралық журналист.
Астана қаласы.



Тәрбие, тәлім, таным — тұлғалық тұғырының бастауы

Осы мақала кейіпкері — ердің жасын еңсерген, әрқашан байсалдылығы, ойлылығымен өзіне ризашылық пен үмітпен қаратқызған талантты шәкіртімнің бірі, саликалы күйші, танымал дирижёр, ұлағатты ұстаз, жүрген ортасында абыройлы Талғат Әнесұлы қақында сөз қозғарда, қаламыма әрқайсымыздың жүрегімізге жылу беретін «Отбасы» аяулы ұғымынан басталуының басты себебі бар. Өйткені мен жақсы таныған оның ата-анасы, аса мәдениетті, білікті, күлімсіреген жүздерінен мейірім төгіліп тұратын, көлде жүзген қос аққудай өнерде қол ұстасып еліне риясыз қызмет еткен абзал жандар, біздің де жақсы таныған, олардан үлгі алуға тырысқан, аяулы ұстаздарымыздың қатарынан еді. Тағы да, Талғаттың қазіргі таңдағы өнер және өмір өрісіндегі жетістігін әр қазақ баласына берсін деп, бұл тәрбиенің қайдан тамыр тартқаны туралы айту еді. Менің Талғаттың әкесі Әнес Камалиденұлын алғаш көруім 1975 жылы қазіргі Дина Нұрпейісова атындағы халықтық академиясы, Атырау музыка колледжіне облыстық көркемөнерпаздар үйірмесінде лауреат атанып, барлық қабылдау емтихандары бітіп, сабақ басталған, қысқа сессияға бір ай қалғанда конкурстың қазылар алқасының төрағасы болған сол кездегі училищаның директоры Нариман Сиражұлының шақыртуымен келдім. Кейін менің ұстазым болған Боздақ Рзаханұлы оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады екен, жылы қабылдап, комиссия шақырып, ән салғызып, күй тартқызып, музыкалық қабілеттерімді тексеріп, «есту қабілетің өте жақсы екен» - деп, сол себептен қобыз аспабына алатынын айтты. Мен болсам қобыз деген аспаппен таныстығым жоқ, бала күннен көргенім домбыра, оған болмай ма деген имене жәй дауыспен айтқан сұрағыма, кең маңдайлы, ашаң жүзді, көзілдірікті ағай екеуінде көрсін, ақпанда сессиясын тапсырсын сонда анықтайық деп ұсыныс тастады. Сонан емтиханда домбыраны беске, қобызды төртке тапсырдым. Менің домбыраға келуіме себепші болған сол маңдайы кереқарыс, жылы жүзді ағай, 1975 жылы дүниеге келген, қазіргі талантты шәкірттерімнің бірі Талғаттың әкесі Әнес Камалиденұлы екенін 1976 жылы училищеге ол Оқу ісінің меңгерушісі болғанда ғана таныдым. Зырылдап өтіп жатқан уақыт-ай, бұл кездесуге де келесі жылы жарты ғасыр болады екен. Сонан бері мен, кеңпейілді, білімдар, әр сөзін салмақтап сөйлейтін Әнес ағай мен үшін өте құрметті азамат және деңгейіне ел талпынған маман. Ал қазақ әйеліне тән ибалылықтың символы, жүрген жүрісінің өзі бір көз тартатын сұлулық, өз ісінің шебері Сұлухан апаймен кейіндеу, училищеден курс жоғары оқыған, Құрсай мектебінің түлектері, қазақ өнерінде жарқ етіп жанған жұлдызды қобызшылар Гүлжан, Роза марқұмдар мен досым Оңайшаның шәкірттері екенін естіп сүйсініп жүрдік. Кейін танысып бір кісідей білемін десем артық айтқандық емес. Текті өнерпаздар Әнес ағай мен Сұлухан апай сынды жарасымды, өз шағын отандарын құрған жұптан, мейірім мен сүйіспеншілік лаулаған жанұядан, қазақ еліне бір-бір кірпіштей қаланған ұрпағын тәрбиелеген, адалдықтың, азаматтықтың бесігін тербеткен, сана мен салауаттың тәрбиешілерінен бастау ниетім осылай туындаған еді. Жанұяда ардақты әке, өнерде ардагер Әнес Камалиденұлы — әйгілі Дина оркестрінің құрылған күннен белді мүшесі, сирек таралған домбыра-прима аспабының шебер маманы



және оны Атырау облысына іргелендірген алғашқы кәсіби маман, қазақ өнерін көктеткен бірнеше танымал шәкірт тәрбиелеген ұлағаты мол ұстаз, Атыраудың Мәкәлім Қойшыбаев және Құрманғазы атындағы музыка балалар мектептерінің ұзақ жылдар директоры қызметін атқарған, музыка училищесінің 1976-1990 ж.ж. оқу ісінің меңгерушілігінің тізгінін 14 жыл келісті ұстаған қайраткер маман еді. Өткен шақпен айтудың қиыны, өкініштісі Ерболат пен Талғат ұлдарының өзі салған сара жолдағы жетістігін көре алмай өмірден ерте кетті. Енді Сұлухан апайға келер болсақ, қобыз атты өте күрделі аспаптың шебері, ұзақ жылдар Дина оркестрінің құрылғаннан қобызшысы, қазіргі Мәкәлім Қойшыбаев атындағы балалар музыка мектебінің ұлағаты ұшар шың ұстазы. Олай дейтінім қобызшы шәкірт дайындаудағы шеберлік биігіне Сұлухан апайдай екінің бір жеткен жоқ. Республикалық сайыстарда Сұлухан апайдың шәкірттері үнемі «Бас жұлде» және «І орын» иеленетін, кейін училище, консерватория бітіріп, республикадағы орындаушылардың жоғары тұғыры, әйгілі Құрманғазы оркестрінің концертмейстері дәрежесіне қол жеткізетін. Мен білетін тарихта Құрманғазы оркестрінің концертмейстер тұғырында Атыраудың бес қобызшысы отырды. Көпшілік шәкірттері елге оралып, айтулы концерттік ұжымдардың концертмейстерлері және белді орындаушылары, республикаға танымал мамандар. Екеуі де қазіргі Атырау музыка колледжінің алғашқы түлектері, табан аудармастан облыс өнерінің ыстық-суығына төзген, өлшеусіз еңбектерінің жемісін көрген өнерпаздар. Отбасында өнерқұмар осындай асқар тау әке мен асыл ананың тәрбиесін көрген ұрпақтың талантты, өнерін, елін сүйген азамат болып өсуі бұлжымайтын заңдылық. Осы құндылықтарды отбасынан санасына сіңіріп, қазіргі таңда өнерлі ата-анасының жолын жалғастырып, елінің абыройын асқақтатуға бар күш-жігері мен білімін

арнаған азаматтың бірі – Талғат Әнесұлы Камалиденов.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» – деп халық тәмсілінде айтылғандай өнерлі отбасында өсіп, бұл жолды қаламауы мүмкін емес еді. Алдындағы арбаның ізінен жазбаған ағасы – Ерболат Әнесұлы да Қазақстанның, Атыраудың сырнай аспабы өнерін өте жоғары деңгейге жеткізген, халықаралық дәрежеде танымал маман, ұлағатты ұстаз, «Білім беру үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Атырау өлкесін «Сырнайдың астанасы» деп атайтындай тіршілік жасап, осынау күрделі аспапты сырнай деп атағанымызбен оны шебер меңгерген шәкірттері арқылы туған жерінің тұнған таланттар ұясы екенін дәлелдеді. Інісі Талғатпен екеуі де өлкенің өнерінің іргесін берік, болашағын асқақ шындарға бастаған айтулы мамандар.

Талғат Әнесұлы 1990 жылы №21 орта мектептің 8 сыныбын және Мәкәлім Қойшыбаев атындағы музыка мектебінің домбыра аспабын тәмәмдап, сол жылы Атырау музыка училищесіне түседі. Ұстазы – танымал маман, айтулы күйші Клара Зейнолақызы Жолдасова. Талғат мектеп, училище қабырғасында оқып жүрген жылдарында, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, бірнеше мәрте жұлделі орындар иеленген. 1994 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, екінші курсында талантты қобызшы Гүлжазира Әуезовамен отау құрып, жанұя жағдайына байланысты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің музыка факультетіне ауысты. Ол оқу орнын 1999 жылы үздік аяқтағанымен, оны сол жылы күйге деген құштарлық пен үздіксіз білім жетілдіру мақсаты, консерваторияның домбыра мамандығына сырттай оқу бөліміне жетеледі. Мұнда Талғат менің сыныбымда тәлім алды. Консерваторияны 2004 жылы «концерттік орындаушы және оқытушы» мамандығы бойынша аяқтады. Талғат әрдайым ізденісте жүретін, сабырлы, артық сөзі жоқ тек оқуды білетін шә-



кірт. Ол еңбек жолын 1996 жылы студент кезінен Д. Нұрпейісова атындағы ұлт-аспаптар оркестрінде домбырашы болып бастаған. 2003 жылы Дина Нұрпейісова атындағы академиялық оркестрдің бас дирижёры, профессор, Қазақстанның Халық артисі, қалың тыңдарманымен «Күй қағаны» атанған Рысбай Хисметұлы Ғабдиев Талғаттың талантын таныса керек пультке тұрып, дирижёрлық қызметке кірісуіне ұсыныс жасайды. Ол енді дирижёрлық білімін жетілдіру мақсатында 2004 жылы консерваторияның «Біліктілігін жоғарылату және кадрларды қайта даярлау факультетінде «Оркестрлік дирижёрлау» мамандығы бойынша Қазақстанның халық артисі, профессор, республиканың симфониялық оркестрінің бас дирижёры Төлепберген Әбдірашовтан қосымша дирижёр мамандығында оқып, үздік бітіреді. 2004 жылы тамыз айында оркестрдің бас дирижёры қызметіне тағайындалады, ал келіншегі Жазира қобыз тобының концертмейстері қызметін атқарды. Оркестрдің «Бас дирижёры» тұғырында санқилы репертуармен еліміздің бүкіл аймағында өнер көрсетіп, қазақ өнерінің дамуы мен насихатына бар күш жігерін арнады. Мұнан өзге арнаулы күндерде, мерейтойларға басқаруындағы ұжымымен жиі шақырылған.

Талғат оркестрдің жұмысымен, басшылығымен шектеліп қана қоймады, еңбек жолын ата-анасының жолымен ұстаздыққа да бұрды. Осылайша, 1999 жылы өзін жаңа ұстаздық қырынан да аша түсу мақсатында, Нұрғиса Тілендиев атындағы Кіші өнер Академиясына жас бүлдіршіндерге домбыра үйрету және өнерпаз балалардан халық аспаптар оркестрін және фольклорлық ансамблін құрып, оның жетекшілігінде қолға алды. Кіші Өнер Академиясында Талғат Камалиденовтың сыныбынан дәріс алған Жолдасқали Дамир, Сайын Сұлтан сынды т.б. шәкірттері Атырау қаласының «Рух» фестивалі, «Дарын» байқауы, республикалық «Алтын Самұрық», «Дара-

боз», «Ұлы дала ұрпақтары» сайыстарында және жыл сайын А. Жұбанов атындағы дарынды балалар мектебінде өтетін жас орындаушылардың, «Астана - Мерей» халықаралық конкурстарында бірнеше мәрте «Бас», бірінші және жүлделі орындарды иеленген. Ал, Грузия мемлекетінде өткен халықаралық сайыста оның басқаруындағы фольклорлық «Нұрғиса» ансамбль «Бас» жүлде иеленеді. Осылайша Талғат Әнесұлы шәкірттерімен Атырау өлкесінің мәртебесін кең көлемде, жоғары деңгейде асқақтатып келеді. Сөз орайында айта кетейік, Талғаттың анасы Сұлухан Қожантайқызының кіші академияда арнайы сыныбы бар, апай құрметті демалыста, онда қазіргі таңда Талғаттың зайыбы — Гүлжазира Әуезова шәкірттерге тәлім беріп, бірнеше қобызшы жүлдегерлерді ол да дайындауда. Ерболат Әнесұлыда осында қосымша сабақ береді, лауреаттар сыныбы. Бір жанұяның Қазақ елі өнеріне өлшеусіз еңбегін бір мақала көлемінде шарпып өткеннің өзінде айтып тауысу мүмкін емес. Әрине, бұл жетістіктерде академияның басшылығының, ұзақ жылдар директоры қызметін атқарған Доллорес Сүндетқызының өнерге деген жанашырлығы, жас таланттарды таныған көрегендігі мен қолдауының қолтаңбасы екендігі ақиқат.

Талғат сынды талантты дирижёрдың сиқырлы таяқшасы ебімен үлкен сахналарда және жеке шығармашылық кештерінде Еңбек ері, КСРО халық артисі Бибігүл Төлегенова, Қазақстанның халық артистері, Мемлекеттік сыйлық иегерлері Қаршыға Ахмедияров, Нұржамал Үсенбаева, Ғафиз Есімов, Айгүл Үлкенбаева, Рамазан Стамғазиевтар және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айтқали Жайымов, Қатимолла Бердіғалиев, Тамара Асар «Мәдениет саласының үздігі» Қайрат Кәкімов, Республикалық қобызшылар сайыстарының жүлдегері Гүлжазира Әуезова сынды өнер тарландары мен жас таланттар күй күмбірлетіп, ән шырқа-



ған. Талғат сол Ұлылардың да батасымен көгерген дарынды ұрпақ.

Талғат Әнесұлы өнер саласындағы жетістіктері үшін, 2008 жылы «Қазақстан мәдениет қайраткері» атағымен, Қазақстан және Астрахань облысы Мәдениет министрлігінің «Құрмет» грамоталары мен «Алғыс хат» марапаттарына бірнеше мәрте ие. 2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Құрмет» грамотасымен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен өткізген «Ұлттық құндылықтарға заманауи көзқарас және үздік тәжірибе» атты республикалық оқу-әдістемелік кеңесін жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізуге атсалысқаны үшін марапатталған.

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің «Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады» деген ұлағатты сөзін ескеретін болсақ,

отбасында татулық пен береке болған ортадан шыққан Талғат Әнесұлы сынды танымы терең, тәлімі түбірлі маман ғана қоғамға пайдалы істермен айналыса алмақ. Талғаттың алар асуы әлі алда, өнер өрісінде әлі де талай жақсылықты іс атқаратыны белгілі. Тек дені сау болып, дарынды қобызшы сүйген жары Жазирамен, бал-шағасымен аман болып, бақыт қонып, елінің абыройы үшін шығармашылық шабытпен шырқау биіктерді бағындыра берсін деген ұстаздық, аналық ақ тілегімді айтамын.

**Ізгі тілекпен, ұстазы —
Кәріма Сүндетқызы САХАРБАЕВА,
профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, Махамбет атындағы
сыйлықтың және А. Байтұрсынов
атындағы «Алтын медаль» иегері,
Қазақстанға білім беру ісінің құрметті
қызметкері, Атырау облысының
құрметті азаматы.**

Талғат Әнесұлы Камалиденовтің мерейтойына ізгі тілектер

Талғат Әнесұлымен өнерге деп талпынып қанаттанған шағымызда, яғни Атырау музыка колледжінде оқыған кезімізден жақын таныстық. Атырау өңірінің өнерсүйер халқы Талғаттың әкесі — Әнес ағамыз бен анасы — Сұлухан апайды және туған ағасы — Ерболатты музыканттар династиясы ретінде бағалап, құрмет тұтады. Талғаттың жан-жары — Жазира да елімізге белгілі кәсіби қобызшы, Ұлағатты ұстаз.

Талғат сонау студенттік шақтан қазақтың дәстүрлі өнерін бойына сіңіре білген, бүгінде республикаға, қала берді облысымызға танымал музыка маманы. Домбырашы, дирижер, ұстаз. Үш мамандықты да абыройлы алып жүріп, өз мамандығының хас шебері атанды. Бірнеше жыл Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері қызметін нәтижелі атқарып, ұжымды биік белестерге көтере білді. Бүгінгі таңда кіші өнер академиясының беделді де белді Ұлағатты ұстазы. Әрдайым адам баласына белгілі бір биіктікке жету оңайға түспейді, ал оны өз дәрежесінде ұстап тұру тіптен күрделі. Алдағы уақытта Талғат Әнесұлына осы жолда абырой биігінен көрініп, сапалы еңбек пен үлкен жетістіктерге жете беруіне тілектеспін. Сәттілік серік болсын!

**С.Б. САДЫҚОВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қазақстанның мәдениет қайраткері,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының профессоры.**



Сөз құдіреті жеткізе алмайтын өнер түрі – күй өнері. Өнер – мәңгілік дүние. Халықпен бірге жасайды. Қазақтың күй өнерін алдыңғы толқын ағалар жаса-са, кейінгі толқын ізбасарлар жаңалап, жетілдіріп дамыта бермек. Осындай мәңгілік өнердің тарланбозы – Талғат Әнесұлы.

Ұстаз болу үшін дара қабілет, қасиет, мінез керек. Өнерлі ұрпақ тәрбиелеу ісін өмір-лік ұстанымына айналдырған Камалиденов Талғат Әнесұлы – Н. Тілендиев атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатында Домбыра мамандығының ұста-зы.

Білікті ұстаздың білім беру саласында 25 жылдық еңбек тәжірибесі бар. Осы жыл-дар ішінде оның тәрбиесін алған талай шәкірттер қазақ халқының баға жетпес рухани қазынасы – ұлттық күй өнерін бойына сіңіріп, домбыраның құлағында еркін ойнай-тын хас шеберлерге айналды.

Камалиденов Талғат тәжірибелі педагог ретінде оқушыларға домбыраның ұлттық аспап қана емес, ол халқымыздың жаны мен қаны, қасиеті мен ары екенін ұғынды-рып, Ұлы Даланың сазды сарыны – ұлтымыздың өткені мен бүгіні, ұлттық танымның қайнар көзі екенін түсіндіреді. Қос ішекті домбыра халқымыздың қайғы мен мұңын, қуанышы мен шаттығын қатар алып жүрген қасиетті аспап екенін жеткізіп, жеткін-шектердің ұлттық өнерге, халықтық музыкаға деген әуестігін оятып, қазақ халқының мәдениетіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына перзенттік махабаттын қалыптастырады. Білікті ұстаз осылайша рухани тәрбиені патриоттық, елжандылық қасиеттерге баулу міндетімен жалғап, бабалар үнін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

Доллорес ТАСКАРИНА,
«Парасат» Орденінің иегері.



Талғат Әнесұлына күнделікті жасап жүрген қажырлы еңбегі, балаларға беріп жүрген тәрбиесі үшін, ата-ана ретінде шын жүректен алғысымызды білдіреміз! Бойындағы адамгершілік қасиеттері, мәдениеттілігі, өз ісіне деген жауапкершілігі мәртебесін биіктете берсін!

Игі істері оңға басып, әр қадамы нық болып, ел мен қоғам үшін еңбегі абыройлы болуына тілектеспіз!

Оның бойындағы мінезі, жүріс-тұрысы, білімділігі, шәкірттеріне түсінушілікпен карауы нағыз Ұстаз екендігін білдіреді.

Шәкірті Сұлтан Саинның ата-анасы.



Қазақтың атадан қалған аспабы — домбыра

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақтың киелі аспабы домбыра туралы айтылған. Домбыраның сиқырлы әуенімен тыңдаушыны баурап алатын қасиетімен қымбат екені және атадан қалған мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа сақталып берілуінің негізі неде екені қарастырылған. Баланың ой өрісінің дамуына домбыраның қандай ықпалы бар екендігі сипатталған. Баланың домбыраны ойнап үйренуге құштарлығын оятуға арналған тәжірибелік шешімдері мен ұсыныстары берілген.

Кілт сөздер: домбыра, бала дамуы, домбыра ойнап үйрену

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы связанные с казахским священным инструментом домбра. Считается, что домбра драгоценна из-за своей волшебной мелодии и способности увлечь слушателя, а также из-за того, что она передается из поколения в поколение как наследие предков. Описывает влияние домбры на развитие мышления ребенка. Даются практические решения и конкретные предложения, чтобы пробудить в ребенке желание научиться играть на домбре.

Ключевые слова: домбра, развитие мышления ребенка, обучение игре на домбре

Annotation. This article discusses issues related to the Kazakh sacred instrument dombra. They say that Dombra is precious because of its magical melody and ability to captivate the listener, and also due to the fact that it's passed from generation to generation as the heritage of ancestors. Describes the influence of dombra on the development of a child's thinking. Practical solutions are given, to wake in the child the desire to study playing the dombra.

Keywords: dombra, development of a child's thinking, learning to play the dombra

Домбыра — қазақ халқы үшін маңызы өте зор екі ішекті музыкалық аспап. Еліміздің тарихына үнілсек халықтың қуанышы мен қайғысын жырлап, мұңы мен зарын айтқызған да қобыздың үні мен домбыраның әуені. Демек, бұл аспап арқылы ата-бабаларымыз ән шырқап, күй орындап қана қоймай ұлтымыздың алтын аспабы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа аманат еткен [1].

Домбыра — қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Қазақ халқының өмірінде домбыра жыр, толғау айтуда ғана емес, жеке күй тартуға, жеке ән айту мен айтыс барысында сүйемелдеу үшін де қолданылады.

Қолдан істелген екі ішекті домбырадан өте нәзік, жан тебіренер әсем дыбыстар шығады!

Қазіргі кезде домбыра — ұлттық тәрбие мен білімнің кілтіне айналып отыр.

Біздің бұл «Домбыра — қазақтың ұлттық аспабы» атты мақаламызда ертеден келе жатқан қазақ халқының ең қымбатты, ел арасына кең тараған, түрлі шежіреге бай, музыкалық аспабы домбыра туралы жүргізілген зерттеу жұмыстарымыз жазылған. Домбыраның тарихы, шығу тегі, қолданылуы, музыкалық қасиеті және жастар тәрбиесіне беретін әсері зерттеліп, зерттеу барысында ашылған ақпараттарға сәйкес талдау жүргізілді.

Домбыра туралы мәлімет

Домбыраның нақты шығу тарихы туралы ақпараттар аз. Дегенмен, ғалымдар IV ғасырда Хорезм мен Жамбылда



жүргізілген археологиялық зерттеулерде тасқа қашалған қос аспаптың суретін тапқан, соған байланысты домбыраны тас дәуірінде пайда болуы мүмкін деп болжайды.

Сол сияқты жүргізілген археологиялық зерттеулерде арниолит дәуіріндегі тасқа қашап салынған домбыраға ұқсас суреттер табылғаны айтылған. Хорезм маңынан табылған балбал тастағы суретте бала қолына бір аспапты ұстап отыр. Зерттеулер жазбасына сүйене келе бұл суреттегі аспапқа әлемде ең ұқсасы қазақтың домбырасы екені айтылған. Бұл балбал тастың тарихы б.з.д. 5 мыңыншы жылдан басталады, демек қазақтан бұрын домбыраның болғандығын көрсетеді делінген.

Қазақ энциклопедиясында домбыра туралы қазақтың XIV ғасыр жазбаларында кездесетіні жазылған. Жұмагелді Нәжімеденов «Домбыраның қоңыр үні» кітабында «Майтөбе» жайлауынан (Алматы облысы, Жамбыл ауданы) көптеген суреттердің арасынан тастан қашалған көне домбыраның суретінің табылғанын жазады. Бұл тастағы суретті 1986 жылы белгілі этнограф Жағда Бабалықұлы тауыпты [1].

Белгілі археолог, тарих ғылымының докторы Кемел Ақышев бастаған бір топ ғалым тасқа қашалған осы суретті зерттеп, бұл сурет кем дегенде неолит (б.д.д. 4000 жыл) дәуірінде бейнеленген деп тапқан екен, яғни тастың тарихы — алты мың жыл.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішіні қазіргі домбыраға қатты ұқсайды.

Сонымен қатар, қазақтарда бұрын өзінің құрылысы жағынан үш ішекті көне шертерге ұқсас, көп ішекті домбыра болғаны жайында бұл күнде қосымша деректер табылып отыр [1].


Кей деректерде «домбыра» сөзі көне шумерден аударғанда «кішкене садақ» мағынасында екені айтылады [2].

Домбыраның құрылысы

Домбыра бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектері бар. Оның көптеген қосымша бөлшектеріне: тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік жатады. Домбырада үш түрлі тиек болады. Біріншісі — «өкше тиек», екіншісі — «шайтан тиек», үшіншісі — «табалдырық тиек». Тағы да «Алтын асық» деп аталатын қосалқы тиек болады.

Ертеректе «бітеу домбыра» деп аталған аспап тұтас ағаштан ойылып жасалған. Бертін келе шанағы жұқа тілшелерден құралып құрама домбыра жасалатын болған. Ондай әдіспен жасалған домбыраның басын, мойнын, кеудесін, шанақ, тиек бәрін де құрама ағаштан желімдеп құрастырған.

Домбыра жасау үшін дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштар қолдана отырып, екі түрлі әдіспен — құралып немесе ойылып (шауып) жасалады [3].



Баланы рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі домбыраның рөлі

Қазақ пен домбыра қашаннан егіз ұғым. Сонау білім-ғылымы жоқ заманның өзінде-ақ ата-бабаларымыз бұл ас-



папта еркін ойнап, қос ішектен талай кереметті тудырған. Бар сүйініш-күйінішін осы аспаптың құдіреттілігімен түсіндіре білген.

Халқымыздың ұлттық дәстүрі мен тағлымын болашақ ұрпақтың бойына дарытып, оның өнерге деген ынтасын арттыру мақсатында балаға домбыра ойнауды үйрету үлкен қажеттілік. Соның ішінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан күй өнерінің алатын орны ерекше.

Домбыра аспабын тартуды үйрене отырып, әрбір баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыруға болады.

Домбыра ойнай білетін бала кәсіби орындаушылардың орындауындағы ұнтаспаларды көбірек тыңдауға тырысады. Сонымен қатар, бала музыкалық әдеби кітаптарды көп оқитын болса, жалпы күйді немесе шығарманы түсінуі жоғары деңгейде болады. Осыған байланысты баланың есіне сақтау және музыкалық ырғақты түсіну қабілеті жоғарылап, домбыра әуені оның музыкалық сезіміне әсер етеді. Демек кез келген музыкалық аспапта орындау шеберлігі артады, себебі музыканы жан тәнімен түсінетін болады [4].

Қорытынды

Қадыр ақынның айтып кеткен «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра» деген сөзі қазақ үшін терең мағыналы сөз. Қазақ пен домбыра егіз ұғым іспеттес. Қазақ халқының біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған асыл мұрасы — күй өнері. Өткен ғасырларда нота сауаты жоқ кезде дүниеге келген ән-күйлер өмірмен бірге қайнап, ауыздан-ауызға, қолдан-қолға көшіп біздің заманымызға жетті. Қазақ халқы өзінің көңіл-күйі мен арманын, қоғамға деген көзқарасын домбыраның қос ішегі арқылы жеткізе білді. Суырып салма ақындар мен бармағынан бал тамған күйшілер арқылы бізге жеткен назды

әндер, ғажайып күйлер халқымыздың музыка мұрасы ғана емес, мәдени байлығы, рухани азығы болып отыр [5].

Қазақтың тарихы мен табиғаты күй болып төгілетін күй өнері, домбыраны қолға алып күміс көмей әншілеріміз ән салғанда сайын даланы жаңғыртқан домбыра үні ұлтымыздың рухани құндылығы.

Қос ішектің күмбірімен шанағынан сыр ақтарған домбыраның шығу тарихы мен сырт көзге көріне бермейтін мәні зор домбырадан қалыптасқан тәрбие үлгісі адамның ой ұшқырлығын шыңдауға, ата бабадан кәсіп болған дәстүрді дамытуға, өнер арқылы білімге терең бойлауға мүмкіндік тудыратыны анық [6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абу Насыр аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. — Алматы: Ғылым, 199;
2. Сарбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. — Алматы, 1978;
3. Сейдімбек А. Күй шежіре. — Алматы, 1997;
4. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 3-том. Алғашқы авторлық музыка. — Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006;
5. Киелі домбыраның 20-дан астам түрлері бап, <http://www.today.kz/kz/news/culture/2012-06-13/29138>
6. Обучающее игре на домбре приложение создал казахстанский студент. inform.kz https://www.inform.kz/ru/obuchayuschee-igre-na-dombre-prilozhenie-sozdal-kazahstanskiy-student_a3058760
7. inform.kz. https://www.inform.kz/kz/dombyrany-alemge-tanytkan-tulgalar_a3306179.

Аманжол Семейханұлы
САМЫКОВ,

М. Төлебаев атындағы Семей музыка училищесінің домбыра пәні ұстазы.
Семей қаласы,
Абай облысы.



Қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру



Молдир Маратовна ХАЙДАРОВА,
№37 орта мектеп
жанындағы
«Нұршуақ» шағын
орталығы музыка
жетекшісі.
Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.


Еліміздің дамуы мен әлемге танылуы үшін маңызды басты қағидамыз рухани құндылықтарды сақтау болып табылады. Олай болса, ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын әлемге танытып, қазақ атын шарықтату үшін, біз ең алдымен өз ұрпағымызға ұлттық құндылықтарды насихаттауға тиіспіз. Ал рухани мәдениеттің бір бөлігі музыкалық өнер болып табылады.

Рухани мәдениеттің қайнар көзі — музыка. Музыканы жүрекке жеткізетін — музыкалық аспаптар. Қазіргі таңда саналуан му-

қа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні (әуенділігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар.

Мектеп дейінгі ұйымдарға арналған Үлгілік бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне сәйкес музыкалық білім беру мазмұны жүйелі сипатталған. Бағдарламада музыкалық аспаптармен таныстыру және аспаптарда ойнау бөлімі қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруда қазақ ұлттық музыкалық аспаптарын қолдану маңыздылығын қарастырып көрелік.

Қазақтың музыкалық аспаптары үрмелі (саз, қос, қамыс және мүйіз сырнайлар, сыбызғы, адырна, ұран, керней), ішекті (жетіген, шертер, екі және үш ішекті домбыралар, қобыз), шалып ойнайтын (шаңқобыз), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шындауыл, дабыл, асатаяқтың бірнеше түрлері) болып бірнеше топқа бөлінеді.



зыкалық аспаптар қолданыста. Дегенмен біз бүгін балалардың ұлттық санасын, патриоттық сезімін оятатын, ұлттық құндылықтарды насихаттауға негіз боалтын қазақ халқының музыкалық аспаптарын назарға алып отырмыз. Қазақтың музыкалық аспаптары — ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпақ-

Домбыра — қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті, шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасала-



ды. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі. Домбыраның екі ішектісінен басқа да үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, қуыс мойын, шіңкілдек деп аталатын түрлері де бар. Даусы

майда, қоңыр, құлаққа жағымды

Қылқобыз — ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделі аспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге — үш, төрт ішектілері және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Ерте заманда қобызды тек бақсы-балгерлер ғана ұстаған. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты екені де айтылады.

Шаңқобыз — бітімі бөлек, ойналуы ерекше қазақ халқының көне музыкалық аспабы. Үні құлаққа жағымды, адам даусына жақын. Аспапта ойнау ерін мен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты. Ойнау кезінде орындаушы оң қолымен тілшенің ұшын шалып отырып, шапшандата дыбыстайды. Дыбысы тілшені қозғалысқа келтіргенде шығады, Аспапта жеке ән-күй орындап қана қоймай, басқа да көне музыка аспаптарымен бірге халық әуендерін сүйемелдеуге болады. Шаңқобыз аспабының құрылысы қарапайым, жұқа тақтайшадан жасалады.

Шертер — екі немесе үш ішекті, саусақпен шертіп ойнайтын аспап. Шертердің шанағы терімен қапталады, сондықтан дауысы қоңыр, әуезді, тембрі ерекше. Шертердің атауынан-ақ түсінікті, шертіп ойналады. Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған.

Жетіген — қазақ халқының өте ерте за-




маннан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан

құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды.

Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде: өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған деседі. Бізге «жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

Дауылпаз — ұрып ойналатын көне музыкалық аспаптың бірі. Халық тұрмысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Асатаяқ — сілку арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы — 110-130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді.



Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Асатаяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған. Қазіргі кезде көне үлгілері қайта жасалып, ұрмалы музыкалық аспаптар тобына қосылды.





Қоңыраулы асатаяқ — асатаяққа қоңыраулар ілініп, сілкіп ойнайды.

Желбуаз — үрлемелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан, ел көзіне еленбеген көне музыкалық аспаптың бірі. Аспап иленген мал терісінен жасалады. Сырт көрінісі меске ұқсас. Аузын бекітіп тұратын тығыны, әуен шығаратын екі сырнай түтікшесі болады. Мойынға асып алып жүруге ыңғайлап, қайыстан арнайы бау тағылады. Ұстап жүруге өте жеңіл. «Желбуаз» аспабын белгілі композитор Н. Тілендиев «Отырар сазы» оркестрінде қолданды.

Қоңырау — қазақ халқының ертеден келе жатқан сылдырмақты музыкалық аспабының бірі. Бұл аспап дыбысы сыңғырлап шығатын металдардан әр түрлі көлемде жасалады. Сырт көрінісі шар тәріздес, іші қуыс, ортасында тілшесі болады. Аспаптың жеті музыкалық дыбыс қатары бар. Ертеде үй тұрмысында, малшылар арасында көп қолданылған. Далада бос жайылып жүрген малдың мойнына қоңырау таққан, өйткені қасқыр металдан шыққан дыбыстан қатты қорқады. Қоңырауды сол сияқты мектепте де қолданады. Бұл аспап арнайы кішкене балғашамен ұру арқылы дыбысталады.

Мектепке дейінгі жас — тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің маңызды сатысы. Бұл

тәрбиелеу, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, олардың сұлулық сезімін ұғынуы, музыкалық мәдениетін тәрбиелеу өзекті болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруда музыка жетекшісінің атқаратын ролі мен міндеті зор, ал оның педагогикалық ұжыммен және ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс жүргізе білу қабілеті маңызды. Шығармашылық тақырыбымызды ашу үшін үш бағытта жұмыс жүргіздім: педагогтермен жұмыс, балалармен жұмыс, ата-анамен жұмыс.

Ұлттық құндылықтарымыз қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері екені мәлім болды. Осыған орай мектепке дейінгі ұйымда балаларға ұлттық аспаптарды таныстыру арқылы ұлттық құндылықты қас-терлеуге тәрбиелеу жолдарын қарастыруды жөн көрдім.

Қорыта келгенде, қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндігі зор. Қазақ ұлттық музыкалық аспаптары балалардың музыкаға деген ынта-ықыласын арттырып, олардың сезімталдығын, кішіпейілділігін, ұйымшылдығын, эстетикалық құштарлығын тәрбиелеуге қызмет етеді. Өсе келе балалардың бойын-



баланың айналасындағы қоршаған әлемді тануға баулитын кезең, оның бастапқы әлеуметтену кезеңі. Осы жас кезеңінде балалардың дербес ойлау белсендендіріледі, танымдық қызығушылығы мен байқампаздығы дамиды. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік талғамдарын

дағы табиғи дарын, қабілет, талант мүмкіндіктерінің сөзсіз әсері болады, өйткені бәріде бала кездегі тәрбиеден басталады. «Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей еліміздің болашақ патриот, ұлтжанды, дарынды ұл-қыздарын тәрбиелеу өз міндетім деп есептеймін.



Есімі ұмытылмас ұлағатты ұстаз!

*(Профессор Айтмамбетова Бәлия Рахметқызының
100 жылдығына арналады)*

Аталмыш мақала, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану-география» факультетінде дәріс оқып сабақ берген жан-жақты жарасымды жан профессор Б.Р. Айтмамбетова апайымыз жайлы. Бәлия Рахметқызы, 1924 жылғы қазанның 30-ы күні Сыр бойы жерінде дүниеге келген. Алматы қаласындағы №12



қазақ орта мектебін бітірген соң Абай атындағы ҚазПИ-ге оқуға түсіп, оның физика факультетін 1946 жылы бітіреді. Алғашында осы оқу орнының дайындық бөлімінде сабақ береді. Кейіннен педагогика кафедрасы жанындағы аспирантураға қабылданып, оны сәтті тәмамдаған соң 1952-1954 жылдар аралығында Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1954 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1998 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейінгі аралықта Бәлия апайымыздың бүкіл ғибратты ғұмыры оқу орнымыздың «Педагогика» кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор лауазымында ұстаздық жұмысты атқаруымен өтті. Апайымыздың осы табандатқан 44 жыл бойғы ұлағатты қызметіне келсек, оның басым бөлігі өткен «Жаратылыстану және география» факультетіндегі оқу үрдісіндегі, студент жастардың тәлім-тәрбиесі мен қоғамдық жұмыстарындағы атқарған теңдесі жоқ қажырлы еңбегімен ерекшелінеді.

Бәлия апайдың бастамасымен факультетімізде – «Халық университетінің» мұғалімдік кәсіпке баулу секциясының жұмысы жанданып, «Жас алтынсариншілдер» қозғалысы кең етек алуымен бірге «Кел қыздар сырласайық» атты клубы өз қызме-

тін ойдағыдай атқарды. Студенттердің осынау педагогикалық және ғылыми қоғамдары мен клубының жұмыстары факультетімізде Ә.С. Бейсенова сынды көрнекті ғалымдар және куратор-тәлімгерлермен бірлікте жүргізіліп, ондағы ұйымдастырылған қыруар іс-шаралар мен олардың нәтижелері тәжірибе

алмасу бағытында басылым беттерінде жарияланып тұрды. 1990 жылдары профессор Б.Р. Айтмамбетованың басшылығымен студенттердің «Қайырымдылар отряды» құрылып, олар тастанды балалар мен қарттар үйлерінде педагогикалық ізгіліктегі қамқорлық іс-шараларды жүзеге асырумен айналысты. Ұлағатты ұстаз, студенттердің дипломдық-курстық жұмыстары мен педагогикалық практикаларына үнемі басшылық жасауменен бірге, республикамыздағы «Жыл мұғалімі» байқауын ұйымдастыру-өткізу жұмыстарына да белсене атсалысқан белсенді жан.

Бәлия апайымыздан тәлім тәрбие алған әрбір шәкірттің қай-қайсысының болмасын, есінде қалар сәттері мол. Ал өзімнің ол кісінің ең алғашқы дәрісінен алған әсерімді былайша сипаттар едім: «...1972 жылдың күзі, қазіргі Ш. Уәлиханов көшесіндегі оқу орнымыздың «ағаш үй» аталатын ғимаратының №29 үлкен аудиториясында отырған бір лектегі 100-ден астам ұл-қыздар алдына орта бойлы, талдырмаш келген, бидай өнді апай келген беттегі қысқаша таныстықтан кейін, сол күнгі лекция тақырыбы мен оның жоспарын тақтаға жазып, ары қарай «Педагогика» пәні, оның мақсат-міндеттерін баяндаудағы мына сөздері әлі де есімде сақталып қалды: «Біздің қоғамның алдына қойған ең басты



мақсаты — жана адамды тәрбиелеу. Бұл жаратқандағы ең бағалы жандүние (капитал) — адам болса, ал оны жастайынан тәрбиелеу міндеті мұғалімдерге жүктелген. Сондықтан да Сіздер, болашақ мұғалімдер — білімді, тәлімді, салауатты азамат, яғни қорыта айтқанда жан-жақты жарасымды жан болуға тиістісіздер» - дегенді. Иә, апайдың өзі шын мәнінде дәл осындай адам еді, әсіресе қоғамдық жұмыстарға келгенде тіптен «тынымсыз жан» болатын.

Студенттер, осы ұстазымыздың сабағынан қалмауға тырысатын. Оның мәнісі — ондағы қарастырылатын әрбір тақырыптың мазмұнын тереңінен түсіндіріп, әрі оның мағынасын бақайшағына дейін шағып ұғындыратын. Дәріс барысында өзінің қоңыр дауысының ырғағын ондағы баяндалатын мәселеге орай — бірде көтеріңкі, бірде бәсең баяулатып мәнерлі сөйлеп аудиторияны өзіне еліте бар ынтасымен беріле оқып, онда отырған адамды баурап алушы еді. Сондықтан да әрбір білімгер, осы апайдай педагог болсам деп армандайтын. Өзінің байсалдылығы мен ұстамдылығы арқасында тұла бойында бір міні жоқ, тек жақсылық пен шарапат иісі аңқып тұратын кемеңгер адам болуымен қатар, әрі оны шәкірттерінің өн бойына ұялатып дарытсам деген қасиетті ой иесі болатын.

Бәлия Рахметқызы әрдайым аудиториядан тыс, көбінесе үздіксіз педагогикалық білім беруді ұштастыру арқылы мамандықты жетік меңгеруге бағытталған және студенттердің кәсіби даярлығын шыңдау мақсатындағы іс-шаралар өткізуге өте құштар-тұғын. Сонымен қатар тәжірибелі мұғалімдер мен белгілі ғылым-педагогтермен кездесулер ұйымдастыруға да көп күш салатын. Осындай танымдық бір кеште, студенттерге апайдың өмірлік жары — профессор Бержанов Қартбай Бекенұлымен жүздесудің сәті түскен еді. Иә, 1970 жылдардың бас кезінде студенттер үшін «профессорлармен» кездесу аса ғанибет еді. Оның себебі сол кездегі жоғары оқу орындары қабырғасында бұл мәртебелі атактың өте сирек, ал ғылым докторлары дәрежесі-

нің тіптен сирек естілуінен бе немесе әлде басқадай себептерден бе, оны кім білген?! Ал профессор Қ.Б. Бержанов студенттер көкейінде — жастарға деген ізетшіл мінезімен, менмендігі жоқ парасаттылығымен, әсіресе әрбір сұраққа ілезде жауабы даяр дарын иесі екендігімен жатталып қалды. Сонымен қатар сол кеште болған студенттер арасында, педагогика саласының осы қос майталман саңылактары отасқан бұл жанұя жайлы — «нағыз жұбы жарасқан педагогтар жанұясы» деген ой-пікір де қалыптасты. Біздің студенттер, 1976 жылдың қыс айларында 4-курстағы (ол кездегі оқу мерзімі 5 жыл) педагогикалық практиканы ауылдық жерде өткеріп жүрген мезгілде қайтыс болған Қартбай ағайдың қазасын естіп, бұл қайғылы хабарға бәріміз ауыр қайғырдық.

Ғалым апайдың педагогикалық үйірме жұмысын шебер жүргізе білуінің нәтижесінде, оның мүшелерінің біразы «Білім» қоғамының лекторлары атанып, олар кейіннен оқу-білім мен тәлім-тәрбие жұмыстарын насихаттау жолында табысты еңбектенді. Осы жерде Бәлия апайдың ерінбейтін елгезек және жалықпайтын қамқоршы жан екендігін тебірене отырып еске алуға тура келеді: «...Факультетіміздің қазақ бөлімін 1977 жылғы бітіруші жүзден астам түлектері ішінен қызыл диплом алуға жалғыз ғана үміткер маған, деканымыздың «распределение» кезінде, әзірше сенің мамандығына қатысты аспирантурада бос орын жоқ, бірақ байланысымыз үзілмесін деген ақылымен жұмысқа жолдаманы қалаға жақын Анатолевқа мектебіне қалап алғанмын. Осында география пәнінен мұғалімдік қызметті енді бастаған шағым, өзіме бекітіліп берілген 8 класс оқушыларының «Қазақстан» совхозының жүзімдік плантациясындағы ауыл шаруашылығына көмек жұмыстарын басқарып жүргенмін. Бұл қазан айының бас кезі болатын, аяқ астынан мені мектеп директоры шақыртып, маған ҚазПИ-ден «уведомлениемен» бір зат келгендігін, соны аудандық оқу бөліміне барып қол қойып алуым керектігін



айтты. Ертесіне аудан орталығына келсем, шынында да институттан жіберілген бандероль екен, ішінен «Білім» қоғамының лекторы атаулы менің атыма жазылған құжат пен оның есеп кітапшасы және апайдың хаты шықты. Онда хал-жағдайды сұрасқан соң, маған жедел түрде аудандық «Білім» қоғамына тіркелуім және осы бағыттағы жұмыстарға да бірден араласуым керектігі айтылып, қызметіме сәт-сапар тілепті. Содан мен үшін, мұғалімдікпен бірге «Қазақстан» жеміс-жүзім совхозының бастауыш «Білім» қоғамы ұйымының төрағасы қызметін қоса атқаруға тура келді. Бұл, өз жалғасын тауып кейіннен партия-комсомол аппараты жұмыстарында жүргенде де — Октябрь (қазіргі Түрксіб) аудандық және Алматы қалалық «Білім» қоғамдары басқармаларының мүшесі ретінде, бұл бағыттағы идеологиялық қызметке де тікелей араласуыма көп септігін тигізді. Осы бір өмірден алынған мысалдан-ақ, Бәлия Рахметқызының қаншама адамды ұстаздық іске діттеуімен бірге әрі олардың қоғамдық жұмыстардағы белсенділігін қалыптастырудағы міндеттеулі ерең еңбегімен қатар, жастарға бағыт сілтегіш тамаша қасиетін де байқауымызға болады.

Профессор Б.Р. Айтмамбетова, талмайтын қажырлы еңбекқорлығы арқасында өз

артында 100-ден астам қомақты ғылыми жұмыстар қалдырған жан. Оның ішінде көптеген оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер мен аудармалар да бар. Дарынды педагогтың, профессор А.А. Бейсембаевамен бірлесіп төл тілімізде жазылған педагогиканың өзекті мәселелерін қамтитын ірілі-ұсақты бірталай кітапшалары (брошюралары) бұл саладағы кітапхана қорына қосылған құнды үлес. Ғалым-ұстаздың кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасауымен қатар, оның бірнеше монографиялық еңбектердің редакторы, ғылыми-педагогикалық орталық хабаршысы бас редакторының орынбасары, педагогика саласындағы журналдар мен ғылыми жинақ тәрізді басылымдардың редакция алқалары мүшесі ретіндегі шығармашылық қызметтері өз алдына бір төбе. Осы қасиетті жастар бойына дарыту мақсатында Бәлия апайымыздың жетелеуімен талай студенттер қаламдарын ұштап, өздерінің алғашқы туындыларын мерзімді баспасөз беттерінде жариялап отыратын. Осы апайымыздың ақыл-кеңесімен менің де педагогика секциясы бойынша факультетіміздегі студенттердің ғылыми қоғамының (СҒО) 1975-1976 оқу жылғы жұмысы жайлы тұңғыш мақалам, сол кездегі оқу орнымыздың «Педагог» газетінде жарық көрген болатын.



Б.Р. Айтмамбетова, СҒО аясындағы «Педагогика» секциясының мүшелерімен (1976 жыл).



Бәлия Рахметқызының ұйымдастырушылық қабілеті мен жоғары белсенділігінің арқасында оқу орнымыздың «Педагогика» секциясының жұмысы жоғары деңгейде жүргізілді. Оның тағылымды да тиянақты ғылыми жетекшілігінің арқасында оның көптеген шәкірттері аса үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін әртүрлі деңгейдегі марапаттармен мадақталатын. Аталмыш секцияда оқу орнымыздың барлық факультеттеріндегі түрлі мамандықтардың озат студенттері педагогиканың өзекті тақырыптары бойынша баяндамалар жасап, олар жан-жақты талқыланып және бәсекелестік жағдайында зерделі талдаулар жасалынатын. Осылайша іріктелу арқылы, одан ең үздік шыққан студенттің ғана ғылыми-зерттеу жұмыстары келесі турға жолдама алатын. Өз кезегінде осы жолдардың авторының тәлімгер-ұстаз апайымыздың жетекшілігімен орындалған ғылыми баяндамалары – «Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім» мен «Қазақ ССР Оқу-ағарту» министрліктерінің дипломдарымен марапатталған болатын. Нәтижесінде, осы студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарымның материалдары негізінде 5-курста «Педагогика және географияны оқыту әдістемесі» бойынша мемлекеттік емтиханның орнына «Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудағы және оқу үлгерімін көтерудегі географиядан жүргізілетін класстан тыс жұмыстардың рөлі» тақырыбында диплом жұмысын қорғауыма мүмкіндік туды. Мүмкіндік берді деуімнің себебі, сонау 1970 жылдары педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіруші түлектер міндетті түрде үш, ал қосарлы мамандықтарда төрт (біз оқыған қосарлы «география-биология» мамандығында келесі: «География», «Ғылыми коммунизм», «Биология» және жоғарыда аталынған «Педагогика және пәнді оқыту әдістемесі» бойынша) кешенді мемлекеттік емтихан тапсыратын. Ал «диплом қорғау» мәселесіне келсек, сол жылдары бұл өте сирек (мәселен біздің курста, сол жылғы бітірушілер арасынан жалғыз мен

ғана диплом жұмысын орындаған болатыным) құбылыс еді. Және диплом жұмысы тек бір емтиханның ғана орнын жабатын, ал ол дипломант қалған мемлекеттік емтихандарды тапсырудан босатылмайтын. Осылайша Бәлия апайдың мені аталмыш бағыттағы ғылыми-әдістемелік шығармашылдыққа баулып тәрбиелеуі, өз кезегінде менің өмірлік ұстанымды қалыптастырды.

Қоғамшыл Бәлия Рахметқызы өзіне де өзгеге де үлкен талап қоя білетін, ал оны орындау жолында жаны да өзі де нәзік болса дағы тау қопарардай күш иесі-тұғын. Осындай қайсар жігерлі мінезінің арқасында Айтмамбетова Б.Р. – Алматы қалалық кеңесінің депутаты бола жүріп, сайлаушылар аманатын аяқсыз қалдырмай оны іс жүзіне асыру мақсатында қомақты жұмыстар атқара білді. Көрнекті ғалымның ұзақ жылғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып – «Халықтар достығы» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, КСРО және Қазақстанның оқу-ағарту ісінің озат қызметкері төсбелгілерімен, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған. Егер де ол кісінің еңбек кітапшасына көз жүгіртсеңіз, ондағы «Жұмысы туралы мәліметтерден» жоғарыда аталған тек 2 мекемедегі қызмет орнын ғана көресіз, ал келесі «Мақтаулар мен мадақтаулар» бөліміндегі марапаттарына келсек – оның ұзын саны отызға келіп жығылады. Осыдан-ақ профессор апайымыздың қаншалықты еңбекқор адам, әрі өз ісіне адал берілген жан екендігін білуге болады.



Абай атындағы ҚазПИІ-дің «Педагогика» кафедрасы, 1970 жылдары (фотосуретте: 2-қатардағы ортада – Б.Р. Айтмамбетова)



Сұм ажал ұлағатты ұстазымыз Б.Р. Айтмамбетованы, 2003 жылдың тамыз айының 23-і күні біздің арамыздан о дүниеге бақилыққа алып кетсе де, асыл апайымыздың жарқын бейнесі нағыз педагог ретінде оның артында қалдырған өлшеусіз ісі мен өшпейтін ізі ұмытылмай жадымызда мәңгілікке сақталады. Осы орайда, қызметтес болған әріптестеріңіз бен дәріс алған шәкірттеріңіз мұны — бірауыздан құптай әрі мойындай отырып, өзіңіздей жан-жақты жарасымды әйгілі тұлғаның аруағы алдында тағзым етіп рухыңызға әрдайым бас иеміз. Аса қадірлі Бәлия Рахметқызын еске алу мақсатында жоғарыда аталған-

дарды ескере әрі тәлімгер апайымыздың жалпы оқу-ағартушылық мұраларын қорытындылай отырып, біздер Сізді — адал жан, аяулы ана және ардақты ұстаз ретінде үнемі сағыныш сезімменен еске аламыз!

Т.О. УВАЛИЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Жаратылыстану және география»
факультетінің ардагерлер кеңесінің
төрағасы, география кафедрасының
доценті.
Алматы қаласы.

Балабақшада ұлттық құндылықты насихаттау



**Ғалия Орынбаевна
РСБАЕВА,**
№37 орта мектеп
жанындағы
«Нұршуақ» шағын
орталығының әдіскері.
Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.

«Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», - деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұрасын, қазынасын қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару — жалпы ұлттың алдында тұрған міндет мына біздің мойнымызда деп ойлаймын. Біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз салт-дәстүрлеріміз бен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап Отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп өсіру — ең басты қағидат.





Биылғы оқу жылында «Құндылыққа негізделген білім беру балабақшада» атты инновациялық жобамен жұмыс жасауда. Жобаның басты мақсаты: Үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Осыны негізге ала отырып, біз өз тәрбиеленушілерімізге ұлттық құндылығымызды сақтап қалуда бірнеше іс шаралар жүргізіп отырмыз.

Себебі балаларға отансүйгіштік, азаматтық тәрбие беруде, ертеңгіліктер, ұлттық ойындар, ұлттық аспаптармен әндер, ұлттық салт-дәстүрлер басқа да іс-шаралардың маңызы зор. Сол іс-шаралардың бірі салт дәстүрді насихаттау.

Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауға арналған балалармен «Сиқырлы киіз үй» айналмалы демонстрациялық ойын түрін ұйымдастырдық.

Ой-өрісін, танымын, логикалық ойлауын, ұсақ қол моторикасының дамуына арналған ойын түрі болып саналады.

Қамшы өру, шаш өру, ретімен санау,

ою өрнекті сәйкестендіру, қазақтың ұлттық ер баланың, қыз баланың киімдерін танып білу, ою кестелеу, т.б. тапсырмаларды орындау арқылы ойналады.

Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауға арналған әр топ жас ерекшелігіне қарай дидактикалық ойындар дайындап жасалды.

Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата.

Ер адамның, қыз баланың ұлттық киімдері.

Ұлттық қазақ қыз баланың әшекей бұйымдары.

Ұлттық аспаптар.

Жеті қазынаны ата.

Ұлттық ыдыс аяқ түрлері.

Сүт тағамдары, т.б.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі ұлттық ойындар болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілігі, батылдықты, дененің шыңығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», т.б.





ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

«Асық ойыны» — қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Асық ойыны, баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері мол. Ойын барысында: жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату, т.б. жатады Асық қазақ халқының, ырымдарында қадірлі сүйектің бірі. Баласының ермегі, ойыншығы, сүйікті ойыны болған. Асық атаулары:

- Құлжа — арқардың аталығының асығы;
- Сақа — арқардың асығы;
- Жабайт — еліктің асығы;

• Асық — қой мен ешкінің асық жілігінен;

• Шүкімайт — қозы мен лақтың асығы.

Балабақшада көрмелер, театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру дәстүрлі өткізіледі. Сондай ақ ертеңгіліктер мен мерекелік іс шаралардың да маңызы зор. Қазақ этнапедогогикасы негізінде балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұйымдастырылған оқу, серуендер, саяхаттар, ойын-сауықтар, ертеңгіліктер, т.б. бұл істің арқауы саналады. Балалар іс-шаралардың барлығында белсенділік танытады.

«Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшалардан бастау алары сөзсіз.



Ағылшын тілін оқыту процесіндегі ойын технологияларын қолдану



Ұлдана
Оразханқызы
ЕРІМБЕТОВА,
№181 ЖББМ
ағылшын тілі пәні
мұғалімі.
Алатау ауданы,
Алматы қаласы.

Ағылшын тілін оқыту қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда шет тілін үйрену тек тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен қатар тұлғаның шығармашылық, коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Бұл үдерісте оқушылардың қызығушылығын арттыру, білім алуға деген ынтасын күшейту және оқу процесін тиімді ұйымдастыру — мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ойын технологиялары ағылшын тілін

оқытуда осындай мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін заманауи әдістемелік құралдардың бірі болып табылады. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай сонымен қоса коммуникативтік дағдыларды дамытуға және оқу барысын қызықты әрі нәтижелі етуге жағдай жасайды. Ойын — бұл балалар мен жасөспірімдердің табиғи қызмет түрі. Олар арқылы балалар өмірді, қарым-қатынас жасауды және өз бетінше шешім қабылдауды үйренеді. Сондықтан ағылшын тілін оқыту процесінде ойындарды қолдану — тілдік дағдыларды меңгеруді жеңілдететін, эмоционалдық және когнитивтік байланыстарды күшейтетін маңызды құрал. Бұл әдістемелік құралда ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын ойын технологияларының маңыздылығы, олардың теориялық негіздері және практикалық қолдану жолдары қарастырылады. Оқу процесінде ойын түрлерін қолданудың ерекшеліктері,





тиімділігі және әдістері нақты мысалдар арқылы көрсетілген. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындарды іріктеу және оларды сабақты жоспарлау барысында тиімді енгізу тәсілдері талқыланады.

Бұл құрал ағылшын тілін оқытатын мұғалімдерге, әдіскерлерге және педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған. Оның мақсаты — оқыту үдерісін жақсартуға және оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектесетін ойын технологияларын пайдалануға бағыт-бағдар беру.

Мақсаты: Ағылшын тілін оқыту процесінде ойын технологияларын қолдану арқылы оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету. Сонымен қатар, оқыту үдерісін қызықты, тиімді және шығармашылыққа толы ету жолдарын көрсету. Ойын технологияларының теориялық және практикалық негіздерін ашып көрсету арқылы мұғалімдерге оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етуге көмектесу негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Ойындар, әңгімелеу, көрнекі құралдар және технологияларды біріктіру сияқты әр түрлі интерактивті әдістерді қолдану арқылы бұл құрал сөздік оқуды енжардан белсенді үдеріске айналдыруға бағытталған. Бұл әрекеттер оқуды қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға жаңа сөздерді өмірдегі жағдайлармен байланыстыруға көмектеседі, олардың түсінігін және сөздік қорын сақтауды жақсартыды. Оқушылар сөздермен мағыналы түрде араласқан сайын, олардың жалпы тілдік дағдыларын жетілдіретін күшті және жан-жақты сөздік қорын дамытады.

Ағылшын тілін меңгеру қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі.

Шетел тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру және тілдік дағдыларын тиімді қалыптастыру мақсатында

заманауи әдіс-тәсілдер кенінен қолданылуда. Солардың бірі — ойын технологиялары. Ойын — бұл тек қана көңіл көтеру емес, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы. Ойын арқылы оқушылар тілдік ортаға белсенді қатысады, өз ойын еркін жеткізе алады және оқыту процесіне белсене араласады. Әсіресе, тіл үйрену кезінде ойын әдісі мотивацияны арттырып, оқу процесін жандандырады. Ойын барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Ойындар арқылы тілдік дағдыларды нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Топтық жұмыс дағдыларын дамытады. Ойындар оқушылар арасында өзара қарым-қатынасты нығайтады. Балалар ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілді меңгеруін жеңілдету және қызықты ету үшін түрлі ойындарды қолдануға болады. Төменде бірнеше өте тиімді ойынның түрлері берілген:

1. Сөздік ойындары

Сөздік ойындары — жаңа сөздерді білету кезінде оқуды қызықты етудің тамаша тәсілі. Бұл ойындар белсенді қатысуды ынталандырады, салауатты бәсекелестікке ықпал етеді және студенттерге ләззат контекстінде сөздік қорын еске түсіруге көмектеседі.

Charades:

Мақсаты: Оқушыларға физикалық әрекеттер арқылы сөздік қорын түсініп, еске түсіруге көмектесу.

Ойын барысы: Сыныптастары сөзді табуға тырысқанда, оқушылар сөйлемей бір сөзді кезекпен орындайды. Бұл әрекет оқушыларға сөз мағыналарын физикалық әрекеттермен байланыстыру арқылы оларды ішкі қабылдауға көмектеседі.

Вариация: дұрыс болжау үшін ұпайлар берілетін бәсекелес элементті қосу үшін сыныпты топтарға бөліңіз.

Memory Matching Game:

Мақсаты: Оқушылардың сөздерді олардың мағынасымен немесе бейнелерімен байланыстыру қабілеттерін нығайту.



Ойын әдісі: Бірінде сөз, екіншісінде анықтамасы немесе сәйкес кескіні бар жұп карталарды дайындаңыз. Оқушылар екі картаны кезекпен аударып, сәйкес жұптарды табуға тырысады. Егер олар сәйкестікті тапса, олар карталарды сақтайды; егер жоқ болса, оларды кері айналдырады. Ең көп жұп жинаған ойыншы жеңеді.

Вариация: синонимдерді, антонимдерді немесе көбірек дерексіз суреттерді пайдалану арқылы қиындықты арттырыңыз.

2. Көрнекі құралдар және графикалық органиайзерлер.

Көрнекі құралдар мен графикалық органиайзерлер студенттерге жаңа сөздік қорын визуализациялауға және жүйелеуге көмектеседі, бұл дерексіз ұғымдарды нақтырақ және түсінуді жеңілдетеді.

Word Walls:

Мақсаты: Жаңа лексиканы үнемі көрнекі түрде еске түсіру.

Қолдану жолы: Сөздік сөздер үшін сыныпта қабырға белгілеңіз. Жаңа сөздер енгізілгенде, оларды тақырып немесе сөз бөлігі бойынша жіктеп қабырғаға қосыңыз. Жазу әрекеттері немесе топтық талқылаулар кезінде студенттерді сөз қабырғасына сілтеме жасауды ұсыныңыз.

Вариация: оқушылар өздері тапқан немесе үйренгісі келетін сөздерді қоса алатын интерактивті сөз қабырғасын жасаңыз.

Vocabulary Maps:

Мақсаты: Сөздік сөздерді бөлшектеп, жан-жақты талдау.

Қолдану жолы: Оқушылар сөзді ортаға жазып, анықтамаға, синонимдерге, антонимдерге, сөзді қолданатын сөйлемге және иллюстрацияға тармақтарды қоса алатын графикалық ұйымдастырушыларды пайдаланыңыз. Бұл оқушыларға сөзді бірнеше қырынан зерттеуге көмектеседі.

Вариация: Оқушыларға сөздік карталарын жасау үшін жұппен немесе шағын топтармен жұмыс жасаңыз, содан кейін олардың карталарын сыныпқа көрсетіңіз.

Flashcards:

Мақсаты: Сөздік қорын жеке оқуға

және қайталауға қолдау көрсету.

Қолдану жолы: Бір жағында сөз, екінші жағында оның анықтамасы, синонимі немесе кескіні бар флэш-карталарды жасаңыз. Оқушылар оларды өздігінен жұмыс істеу, жұпта бір-біріне сұрақ қою немесе топтық шолу ойындарында пайдалана алады.

Вариация: үлгерімін қадағалау опциялары бар оқушыларға өз құрылғыларында сөздік қорын жаттықтыруға мүмкіндік беретін сандық флэш-карта қолданбаларын қосыңыз.

3. Әңгімелеу және рөлдік ойындар

Әңгімелеу және рөлдік ойындар оқушыларды сөздік табиғи түрде қолданылатын контекстке түсіріп, мағыналы жағдайларда сөздерді түсінуге көмектеседі.

Interactive Storytelling:

Мақсаты: Әңгіме аясында сөздік қормен таныстыру және бекіту.

Қолдану жолы: Мақсатты сөздікті қамтитын әңгімелерді таңдаңыз немесе жасаңыз. Әңгімені дауыстап оқи отырып, жаңа сөздердің мағынасын талқылау үшін үзіліс жасаңыз, болжамды сұрақтар қойыңыз және оқушыларға оқиғаның бөліктерін сахналаңыз. Бұл әрекет оқушыларға сөздерді баяндаумен байланыстыруға және оларды жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Вариация: Оқушыларға мақсатты сөздік қорын пайдаланып, өз әңгімелерін жасап, оларды сыныппен бөлісіңіз.

Role-Playing:

Мақсаты: имитацияланған нақты өмір контекстінде сөздік қорын жаттықтыру.

Қолдану жолы: Мақсатты сөздік қорын қамтитын сценарийлерді немесе диалогтарды әзірлеу. Оқушыларға рөлдерді тағайындаңыз, олар жаңа сөздерді пайдаланып сценарийлерді орындайды. Рөлдік ойын сөйлеуде сөздік қорды белсенді түрде қолдануға, есте сақтаудың жақсы болуына ықпал етеді.

Вариация: Шағын топтарда рөлдік ойындарды қолданыңыз, әр топ өз сценарийін сыныпқа ұсынады, содан кейін қолданылған сөздіктерді талқылаңыз.



4. Жазу әрекеттері

Жазбаша іс-әрекеттер студенттерге жаңа сөздік қорын өз сөздерінде қолдануға мүмкіндік береді, тіл туралы түсінігі мен қолданылуын бекітеді.

Creative Writing Prompts:

Мақсаты: Жазбаша сөздік қорын шығармашылықпен қолдануға баулу.

Қолдану жолы: Студенттерге арнайы сөздік сөздерді қолдануды талап ететін нұсқауларды беріңіз. Мысалы, олардан мақсатты сөздердің тізімін қамтитын шағын әңгіме, өлең немесе күнделік жазбасын жазуды сұраңыз. Бұл әрекет оқушылардың жаңа сөздерді қолдануға жаттықтыруын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықты дамытады.

Вариация: Сыныптағы жазу сайысын ұйымдастырыңыз, онда оқушылар үйлесімді әңгімеде мүмкіндігінше көп сөздік сөздерді қолдануы керек.

Vocabulary Journals:

Мақсаты: Сөздік қорын меңгеруді бақылау және рефлексия.

Қолдану тәсілі: Оқушыларға жаңа сөздерді, олардың анықтамаларын, мысал сөйлемдерді және сөздердің мағынасын немесе қолданылуы туралы жеке ойларын жазатын журналды жүргізіңіз. Прогресспен түсінуді бағалау үшін осы журналдарды мерзімді түрде қарап шығыңыз.

Вариация: Оқушыларды журналдағы жазбаларды суреттеуге немесе әрбір сөзге жеке байланыстарды қосуға шақырыңыз, бұл журналды қызықтырақ және ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді.

5. Технологиялық интеграция

Технологияларды біріктіру сөздік оқуды интерактивті және қолжетімді ете алатын заманауи құралдар мен платформаларды ұсынады.

Educational Apps:

Мақсаты: Сөздік оқуды интерактивті және ойынға айналдыру.

Қолдану жолы: Оқушыларға қызықты, бәсекеге қабілетті форматта сөздік қорын жаттықтыруға мүмкіндік беретін Quizlet, Kahoot немесе басқа сөздік қорын дамыту

ойындары сияқты қолданбаларды пайдаланыңыз. Бұл қолданбалар көбінесе оқуды күшейтетін флэш-карталар, сәйкес ойындар және викториналар сияқты мүмкіндіктерді қамтиды.

Вариация: осы қолданбаларды пайдаланып, оқушылар сөздік білімін бекіту үшін жеке немесе топпен жарысатын сыныптағы тапсырмаларды орнатыңыз.

«Word Jumble» (Аралас сөздер):

Мақсаты: Оқушылардың сөздердің дұрыс тәртібін табуын және сөздік қорын жақсартуды үйрету.

Вариациясы: Сөздер тақырып бойынша таңдалады (күнделікті өмір, жануарлар, тағамдар). Сөзді бір немесе бірнеше рет араластыру.

Ойын барысы: Мұғалім оқушыларға аралас сөздер ұсынады (мысалы, rtegar — «later»). Оқушылар дұрыс сөзді табуға тырысады. Ойын бірнеше раундтан тұрады, әрбір раундта жаңа сөздер беріледі.

«Hot Seat» (Ыстық орын):

Мақсаты: Сөздік қорды жетілдіру, сөздерді түсіндіру дағдыларын дамыту.

Вариациясы: Сөздер не сөйлемдер емес, суреттер арқылы беріледі. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қою арқылы сөздерді түсіндіру.

Ойын барысы: Бір оқушы «ыстық орынға» отырады, қалғандары оған сөздерді түсіндіреді. «Ыстық орындағы» оқушы сол сөзді табуға тырысады. Әр сөз үшін 30 секунд уақыт беріледі.

«Kahoot» немесе «Quizizz» (Викторина):

Мақсаты: Оқушылардың білімін тексеру, түрлі тақырыпта сұрақтар қою арқылы тындай білу дағдыларын дамыту.

Вариациясы: Тақырыпты таңдау (мысалы, грамматика, сөздік қор). Сұрақтар саны мен түрін өзгерту (дұрыс/қате, таңдау сұрақтары).

Ойын барысы: Оқушылар өз құрылғыларында Kahoot немесе Quizizz платформасына кіреді. Мұғалім әр түрлі сұрақтар қояды, оқушылар дұрыс жауапты таңайды. Ойын нәтижелері автоматты түрде көрсетіледі, жеңімпаз анықталады.



Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру жолдары

Математика сабақтарында оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуда алға мақсат қоя отырып жұмыс жасау қажет. Математикалық сауаттылыққа үйретуді төменгі сыныптан бастау, әр сабақ жоспарында тапсырмаларды қосу бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі. Оқушыларды математикалық сауаттылыққа үйретуде төмендегі міндеттерді басшылыққа алған жөн:

- Математикалық сауаттылыққа байланысты пән бағдарламасындағы тақырыптарға шолу;

- Әр тақырыптарға оқулықтағы есептерді математикалық сауаттылық есептерімен салыстыра отырып, талдап көрсету;

- Математикалық формулаларды ұсыну.

Ең өзекті мәселе оқушылардың математикалық сауаттылығы туралы алған білімі мен біліктерін өмірде қолдана алуға дағдыланып, олардың білім, білік, дағдыларының құзіреттілікке ұласуы, математикалық сауаттылық тапсырмаларын өз бетімен шығара алатын қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Математикалық сауаттылық арқылы математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсінуге, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқуға, талдау, түсіндіріп беруге болады. Дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолданылады. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы математикалық құзыреттіліктің даму деңгейлерімен және танымдық салалармен сипатталады. Мысалы: білу (еске түсіру);

қолдану (байланыстарды орнату); ойлау (пайымдау) деген сөз.

Математиканың сауаттылықпен

- әр түрлі мәнмәтіндік тапсырмаларды шешуде пәндік білімін қолдана алу;

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;

- әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;

- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;

- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру керек.

Математикалық сауаттылық «Сандық тәуелділік», «Анықталмағандық», «Өзгерістер мен тәуелділік», «Кеңістік пен форма» атты тараулардан тұрады. Әрі қарай «Сандар», «Алгебра», «Функция», «Геометрия», «Ықтималдық», «Статистика», «Дискретті математика» деген бөлімдер шығады, әр түрлі жағдаяттар арқылы тапсырмалар құрастырылады.

Тапсырмалардың күрделілігіне қарай математикалық құзыреттілігі 3 деңгейге бөлінеді:

- Біріншісі математикалық фактілерді, әдістерді және есептеуді орындауды құрайды;

- Екіншісі есеп шешімін табу үшін әртүрлі математикалық тақырыптарды кіріктіріп, байланыстарды таба білу,

- Үшіншісі — математикалық анализ, жалпылау, қорытындылау.

Математикалық сауаттылықтың әр тарауларына жалпы тоқталып қарастырып көрелік.

Сандар теориясы. «Сандар» тарауы сандық сәйкестіліктер мен заңдылықтарды қарастырады. Бұл тарауға сандық түсініктер, аудан мен көлемді есептеп шығару, ауызша санау ұғымдары, жуық есептеулер мен математикалық операциялардың мә-



нін түсіну жатады. Бұл тарау арифметикамен тығыз байланысты болады.

Өзгерістер мен тәуелділік. «Өзгерістер және қатынастар» саласы алгебрамен тығыз байланысты. Бұл салада әр түрлі үдерістердегі айнымалылар арасындағы тәуелділіктерді математикалық тұрғыдан сипаттауға берілген тапсырмалар қарастырылады. Бұл тарау теңдеу, теңсіздік, эквиваленттілік, бөлінгіштік сияқты ұғымдарды қамтиды. Қатынас математикалық мағынада түрлі тәсілдер: формулалар, графиктер, кестелер арқылы көрініс табады.

1-4 сынып: 1) Шешудің арифметикалық әдістері;

2) Кестені қолдану.

5-9 сынып:

1) Арифметикалық әдістер;

2) Диаграмма мен кесте құру, оқу;

3) Формулалармен жұмыс.

10-11 сынып:

1) Математикалық анализ элементтері (туынды, интеграл);

2) Формулалар қорыту, қолдану.

Анықталмағандық «Анықталмағандық және мәліметтер» тарауына ықтималдық пен статистикалық сипаттағы сұрақтар жатады. Бұл тарауды сонымен қатар ықтималдықты есептеу және статистика деп атауға болады.

Кеңістік пен форма. «Кеңістік және форма» тарауы кеңістіктік және жазықтық геометриялық формалар мен қасиеттерге қатысты. Бұл жерде формаларды түрлі көріністер мен өлшемдерде тану, олардың ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықтау, сонымен қатар нысандардың қасиетін түсіне білу тапсырмалары қарастырылған.

Оқушы бойында математикалық сауаттылықты ерте бастан дамыту үшін жүйелі түрде сабақ барысында «Сандық тәуелділік», «Анықталмағандық», «Өзгерістер мен тәуелділік», «Кеңістік пен форма» тарауларынан тапсырмалар берілуі керек. Бұл есептерді мұғалімнің сабақ жоспарын жасауына байланысты кіргізуге болады:

- Сабақтағы ойын элементі түрінде;

- Сабақтың басында сабақ проблемасы ретінде;

- Сабақ болжамын шығару барысында зерттеу ретінде;

- Сабақтағы оқушылардың іс-әрекетін түрлендіру ретінде;

- Сабақтағы қандай да бір түсінікті қалыптастыру барысында; нақты өмірлік жағдаяттардың моделі ретінде;

- Пәнаралық байланысты көрсететін тапсырмалар арқылы;

- Бір типтес тапсырмаларды жинақтап, жаңа технологияларды қолдану арқылы сабақтар өткізуде;

- Математикалық ойлауды дамытуды дамыту бойынша тапсырмаларды топтастырып, курс материалдарын құрастыруда;

- Математикалық сауаттылық, практикалық, жағдаяттық тапсырмаларды мектеп олимпиадасына, математикалық викториналар өткізуде қолдану.

Оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартудың тәсілдерін жасау, яғни тапсырманы күнделікті тоқтаусыз, аз-аздан бастап үйрету, миды жаңа тапсырмалармен шынықтыру керек. Бірнәрсені қайталай берсек, мида тиісінше өз жұмысын баяулата бастайды, сол себепті тапсырманың берілу тәсілдерін, уақытын өзгертіп тұру қажет. Сапалы демалу, осы орайда келесі әдіс көмекке келеді: 20 минут жаттайды, осы ақпаратты ми қорыту үшін 10 минут демалады. Кей оқушыға дауыстап оқу тиімді. Өзі еститіндей дауыстап айту, осылай оқығанда екі есе жылдам жатталады. Қорыта келгенде баланы таңқалдыруды ұмытпау, себебі даналыққа ұмтылу таңқалудан басталады. Көрсеткіш өздігінен нәтиже бермейді, оған жететін жолды іздестіру мұғалімнің қолында.

Балагул Жанбырбаевна КАЛАБАЕВА,
«№22 орта мектебі» КММ-
нің математика пәні мұғалімі.

Ақбасты ауылы,

Арал ауданы,

Қызылорда облысы.



Профессиональный путь к успеху через знакомство

Студенты группы 2СШП-23 Высшего колледжа города Степногорск посетили Музей трудовой славы Степногорского подшипникового завода (бывший ГПЗ-16). Экскурсию по музею провел ведущий специалист по связям с общественностью Красников Владимир Михайлович. Очень много интересного и познавательного увидели студенты: история строительства завода, его первоначальное название, знакомство с современным промышленным комплексом, крупнейшим производителем подшипников для подвижного железнодорожного состава в СНГ, история выпуска первого подшипника, с передовыми рабочими, кто был в первых рядах, кто составляет Золотой фонд завода, с трудовыми династиями, с ветеранами завода и с замечательным человеком труда, руководителем Анатолием Ивановичем Томиловым, начавшим свою трудовую деятельность в 1977 году в качестве мастера инструментального цеха. А также студенты познакомились с фактами, с событиями, с трудностями и

успехами завода. Замечательная экскурсия вызвала успех у студентов, гордость в выборе профессии «Станочник широкого профиля». Инициатива и всестороннее развитие молодого поколения превращаются в реальность. Теория с обучением практических и наглядных навыков среди студентов играют ключевую роль в выборе профессии. Активное участие в таких выездных экскурсиях на предприятия с социальными партнерами приводит к возрастающей необходимости в профессиональных кадрах. И одна из особенностей Высшего колледжа является стремление к наибольшей связи с предприятиями, подготовка будущих специалистов в условиях реального производства с принципами дуального обучения. Высший колледж стремится к постоянному расширению возможностей для дуального обучения, решая задачу подготовки конкретных специалистов для конкретного производства посредством ознакомительных имиджевых экскурсий — знакомств с предприятием.



Татьяна РЫЖИХ,
мастер производственного обучения
Высшего колледжа города Степногорск.
Акмолинская область.





Общие требования к архитектурно-ландшафтному проектированию



**Айгерим Канатовна
КАБДРАХМАНОВА,**
мастер
производственного
обучения
КГУ «Бескарагайский
колледж» УО ОА.
Бескарагайский район,
Область Абай.



**Кусбекова
Акмарал
ШАЙКЕНОВНА,**
преподаватель
специальных дисциплин
КГУ «Бескарагайский
колледж» УО ОА.
Бескарагайский район,
Область Абай.

Основными принципами, то есть руководящими идеями архитектурно-ландшафтного проектирования являются: принцип комплексности, предусматривающий проектирование открытых пространств, включающих функционально и композиционно взаимосвязанные элементы предметно-пространственной среды; принцип масштабности и соразмерности, предусматривающий гармоничное сочетание частей и целого, соотнесение масштаба проектируемых объектов с масштабом человека и окружающего ландшафта; принцип стилевого единства, предусматривающий создание архитектурно-ландшафтных композиций в едином стиле, с учетом стилистики окружающей застройки и особенностей ландшафта; принцип преемственности, предусматривающий учет культурных традиций; принцип эффективности, предусматривающий рациональное использование материалов и конструкций; принцип сочетания пользы и красоты, предусматривающий проектирование открытых пространств, которые одновременно выполняют утилитарную и декоративную функции.

Основными требованиями к архитектурно-ландшафтному проектированию

являются: социальные требования — учет потребностей разных социально-демографических групп населения (например, определение габаритов, тематики, цветового решения детского игрового оборудования с учетом возрастных групп детей; проектирование уклонов пандусов, высоты поручней с учетом особенностей строения тела человека), учет культурных традиций, особенностей проведения населением свободного времени при подборе оборудования и элементов благоустройства; экологические требования — обеспечение охраны природы, учет условий произрастания растений, учет уровней загрязнения воздуха, воды, почв при размещении оборудования и элементов благоустройства; экономические требования — рациональное использование материальных ресурсов, трудозатрат при изготовлении и эксплуатации оборудования и элементов благоустройства; требования безопасности — предотвращение возможностей получения травм (например, установление безопасной высоты, учет особенностей формы, фактуры поверхности детского игрового оборудования), обеспечение противопожарных требований, соблюдение санитарно-гигиенических норм (например, не использование ток-



сичных материалов); функционально-конструктивные требования — определение габаритов, подбор материалов, конструктивных решений с учетом назначения и особенностей использования оборудования и элементов благоустройства; технологические требования — учет особенностей и возможностей материалов, технологических приемов изготовления оборудования и элементов благоустройства; эстетические требования — учет архитектурных, композиционных, художественных закономерностей формообразования, организации пространства; градостроительные требования — учет градостроительной и ландшафтной ситуации, органичное включение оборудования и элементов благоустройства в окружающую среду. Учет особенностей местоположения проектируемого пространства. При композиционной организации малых открытых пространств учитываются особенности градостроительных условий: функциональный характер использования прилегающих территорий и застройки, наличие транспортных магистралей с интенсивным движением, источников и зон загрязнения среды.

Для организации комфортного пребывания посетителей необходимо обеспечение защиты от неблагоприятных факторов (шума, пыли, ветра), для чего предусматриваются защитные насаждения, используется геопластика, позволяющие нейтрализовать или уменьшить их негативное воздействие. Композиция малых открытых пространств. Композиция малого пространства должна формироваться с учетом восприятия со статичных видовых точек и в движении. Элементы пространственной композиции должны быть связаны между собой последовательностью движения посетителей, использованием сходных материалов, цветовой гаммой, стилистикой форм. При композиционной

организации малых открытых пространств важны простота и умеренность, тщательная проработка всех элементов и деталей. Композиция может состоять из одного или двух доминирующих элементов и двух-пяти дополнительных (подчиненных). В зависимости от точек обзора один из элементов композиции будет восприниматься как главный, остальные — как фон.

Главным элементом пространственной композиции могут стать, например, водные устройства, коллекция декоративных растений, скульптура. Моделирование рельефа. Рельеф во многом определяет образную характеристику малых открытых пространств, влияет на микроклиматические условия. Используя многообразные приемы моделирования рельефа, можно создать индивидуальные композиционные решения. Склоны могут разбиваться на террасы с подпорными стенками, на них могут создаваться каменистые сады, цветники. Подпорные стенки защищают территорию от сползания грунта. Для облицовки подпорных стенок часто применяется естественный камень с различной обработкой поверхности. При небольших уклонах они могут быть заменены одернованными или соответствующим образом озелененными откосами. Из грунта, который остается после строительства зданий, можно создать искусственный микрорельеф. Насыпи могут выполнять шумо- и ветрозащитные функции. «Скульптурная обработка» рельефа позволяет создавать декоративные горки, холмы. Естественные и искусственно созданные углубления могут использоваться для создания декоративных водоемов. В оврагах можно создать искусственные или «сухие» ручьи. Террасы следует соединять лестницами и пандусами. Более удобны пологие лестницы (с высотой ступеней 10--12 см и шириной —



не менее 38 см), с числом ступеней в одном марше не менее 3 и не более 12. Наклон лестниц должен обеспечивать отвод дождевых вод. С учетом требований физически ослабленных лиц, на склонах вместо лестниц желательно устраивать пандусы. Мощения площадок, дорожек наиболее рационально и экономично выполнять из бетонных плит небольшого размера, имеющих различную геометрическую форму. Фактурный слой таких плит может быть цветным. Для придания пространству природного облика применяются мощения из естественно-го камня. Поверхность каменных плит должна быть шероховатой. Создание водных устройств. Вода как в движении, так и в статичном состоянии существенно обогащает композицию малого пространства. Выбор водных устройств во многом зависит от рельефа участка

и наличия водных ресурсов. Используя уклон территории можно сформировать систему живописных каскадов, водопадов путем укладки камней различной формы и величины. Декоративные бассейны могут иметь разнообразную конфигурацию, включать экспозиции водной растительности. Иногда в водоемы запускают декоративных рыб. Широкое распространение получили фонтаны, родники, разбрызгивающие устройства. Часто они становятся главным элементом пространственной композиции. Создание древеснокустарниковых композиций. Подбор ассортимента растений должен обеспечивать создание экологически устойчивых насаждений, хорошо приспособленных к местным условиям и обладающих высокими оздоровительными, эстетическими и эксплуатационными качествами.



Квадрат тендеулерді шешу әдістері: теориясы, практикасы және қолданылуы



**Тілеужан
ӘДІЛХАН,
Жұматай
Жақыпбаев
атындағы орта
мектебінің
математика
пәні мұғалімі.
Ескелді ауданы,
Жетісу облысы.**

1. Кіріспе

Квадрат тендеулер математикада маңызды рөл атқарады және көптеген ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Бұл тендеулердің тарихы ежелгі заманнан басталады. Мысалы, Вавилон математик-

тері квадрат тендеулерді шешу әдістерін білген, ал үнді математигі Брахмагупта 7-ғасырда оларды шешудің алғашқы формулаларын ұсынған.

Квадрат тендеулердің негізгі ерекшелігі — олар табиғи құбылыстарды модельдеу үшін қолданылатын қарапайым, бірақ тиімді құрал болып табылады. Мысалы, дененің еркін түсуі, заттың траекториясы, экономикалық жүйелердегі пайда мен шығындардың байланысы сияқты есептерді квадрат тендеулер арқылы шешуге болады.

Бұл мақалада квадрат тендеулердің теориялық негіздері, шешу әдістері, олардың практикалық қолданылуы және әртүрлі



тәсілдерді салыстыру қарастырылады.

2. Квадрат теңдеудің теориясы

2.1. Анықтамасы және жалпы түрі

Квадрат теңдеу — бұл келесі түрде жазылатын теңдеу:

$$ax^2 + bx + c = 0,$$

мұндағы a, b, c — нақты сандар, $a \neq 0$

- a — квадраттық коэффициент,
- b — сызықтық коэффициент,
- c — бос мүше.

2.2. Дискриминант және түбірлер

Квадрат теңдеудің түбірлерін табу үшін дискриминант қолданылады: $D = b^2 - 4ac$.

- $D > 0$: Екі нақты түбір бар.

$$x_1 = \frac{-b + \sqrt{D}}{2a}, \quad x_2 = \frac{-b - \sqrt{D}}{2a}.$$

- $D = 0$: Бір ғана қайталанатын нақты түбір бар.

$$x = \frac{-b}{2a}.$$

- $D < 0$: Нақты түбірлері жоқ, екі комплекс түбірі бар.

$$x_1 = \frac{-b + i\sqrt{|D|}}{2a}, \quad x_2 = \frac{-b - i\sqrt{|D|}}{2a}.$$

2.3. Виет теоремасы

Квадрат теңдеудің түбірлері коэффициенттер арқылы анықталады:

$$x_1 + x_2 = -\frac{b}{a}, \quad x_1 \cdot x_2 = \frac{c}{a}.$$

Бұл қасиеттер түбірлерді тексеру немесе есептерді оңайлату үшін қолданылады.

3. Квадрат теңдеулерді шешу әдістері

3.1. Дискриминант әдісі

Дискриминантты есептеп, оның мәніне байланысты түбірлерді табу — ең кең таралған әдіс.

Мысал:

Теңдеуді шешіңіз: $2x^2 + 3x - 2 = 0$.

$$D = b^2 - 4ac = 3^2 - 4(2)(-2) = 9 + 16 = 25.$$

$$x_1 = \frac{-3 + \sqrt{25}}{4} = \frac{-3 + 5}{4} = \frac{1}{2}, \quad x_2 = \frac{-3 - \sqrt{25}}{4} = \frac{-3 - 5}{4} = -2.$$

Жауабы: $x_1 = \frac{1}{2}$, $x_2 = -2$.

3.2. Виет теоремасы

Виет теоремасын қолданып, түбірлерді анықтауға болады.

Мысал:

$x^2 - 5x + 6 = 0$ теңдеуі үшін:

$$x_1 + x_2 = 5, \quad x_1 \cdot x_2 = 6.$$

Бұл теңдеудің түбірлері $x_1 = 2$, $x_2 = 3$.

3.3. Толық квадратқа келтіру әдісі

Бұл әдіс теңдеуді толық квадрат түріне келтіруге негізделді.

Мысал:

$x^2 + 6x + 5 = 0$ теңдеуін шешейік:

$$x^2 + 6x = -5 \rightarrow x^2 + 6x + 9 = 4 \rightarrow (x + 3)^2 = 4.$$


$$x + 3 = \pm 2 \rightarrow x = -1, x = -5.$$

4. Графикалық әдіс

График арқылы шешу үшін $y = ax^2 + bx + c$ функциясының параболасын тұрғызамыз. Параболаның xxx -осымен қиылысу нүктелері теңдеудің түбірлеріне сәйкес келеді.

Мысал:

$y = x^2 - 4x + 3$ теңдеуі үшін параболаның графигін тұрғызымыз:



$$D = 16 - 12 = 4 \quad D = 16 - 12 = 4$$

$$D = 16 - 12 = 4, \quad x_1 = 1, \quad x_2 = 3.$$

График xxx -осымен $(1, 0)$, $(1, 0)$, $(1, 0)$ және $(3, 0)$, $(3, 0)$, $(3, 0)$ нүктелерінде қиылысады.

5. Квадрат теңдеулердің практикалық қолданылуы

Квадрат теңдеулер тек теориялық есептерде ғана емес, көптеген қолданбалы ғылым салаларында маңызды рөл атқарады. Төменде нақты мысалдар келтіріледі.

5.1. Физикадағы қолданылуы

Мысал: Заттың еркін түсу қозғалысы.

Еркін түсу қозғалысы кезінде заттың



биіктігін анықтайтын формула:

$$h = v_0 t - \frac{1}{2} g t^2,$$

мұндағы h — биіктік, v_0 — бастапқы жылдамдық, g — еркін түсу үдеуі (9.8 м/с^2), t — уақыт.

Есеп: Зат $v_0=20 \text{ м/с}$ бастапқы жылдамдықпен жоғары лақтырылады. Ол қандай уақытта жерге қайта түседі?

Шешімі:

$$0 = 20t - \frac{1}{2} \cdot 9.8 \cdot t^2 \rightarrow 0 = -4.9t^2 + 20t.$$

Теңдеуді шешу үшін t -ге қатысты квадрат теңдеу аламыз:

$$t(-4.9t + 20) = 0.$$

Бұдан $t_1 = 0$ (бастапқы уақыт) және $t_2 = \frac{20}{4.9} \approx 4.08$ секунд.

5.2. Экономикадағы қолданылуы

Мысал: Пайда функциясын онтайландыру.

Компанияның пайдасы $P(x) = -5x^2 + 200x - 1500$ формуласымен берілген. Мұнда x — шығарылған өнім саны. Қай x -та пайда ең жоғары болады?

Шешімі: Пайда функциясы — парабола. Оның максимумы төбесінде болады, төбенің x -мәнін табу үшін формула қолданылады:

$$x = -\frac{b}{2a}.$$

Мұндағы $a = -5$, $b = 200$.

$$x = -\frac{200}{2(-5)} = 20.$$

Сонымен, пайда 20 өнім шығарылғанда ең жоғары болады.

5.3. Инженериядағы қолданылуы

Мысал: Құрылымдардың тұрақтылығын есептеу.

Мосттың аркасының формуласы $y = -0.1x^2 + 4x + 10$ түрінде берілсін. Арканың максималды биіктігін және оның орналасқан орнын табу қажет.

Шешімі: Бұл формула төбесі бар парабола болып табылады. Төбенің координаттарын табу үшін:

$$x = -\frac{b}{2a}, \quad y = f(x).$$

Мұндағы $a = -0.1$, $b = 4$.

$$x = -\frac{4}{2(-0.1)} = 20.$$

$$y = -0.1(20)^2 + 4(20) + 10 = -40 + 80 + 10 = 50.$$

Арканың максималды биіктігі $y = 50$, ал ол $x = 20$ -да орналасқан.

6. Практикалық есептерді шешу мысалдары

6.1. Дискриминант әдісі

$3x^2 - 6x + 2 = 0$ теңдеуін шешіңіз.

$$D = b^2 - 4ac = (-6)^2 - 4(3)(2) = 36 - 24 = 12.$$

$$x_1 = \frac{-(-6) + \sqrt{12}}{6} = \frac{6 + 2\sqrt{3}}{6} = 1 + \frac{\sqrt{3}}{3},$$

$$x_2 = \frac{6 - 2\sqrt{3}}{6} = 1 - \frac{\sqrt{3}}{3}.$$

Жауабы: $x_1 = 1 + \frac{\sqrt{3}}{3}$, $x_2 = 1 - \frac{\sqrt{3}}{3}$.

6.2. Графикалық әдіс

$y = x^2 - 6x + 5$ теңдеуінің графигін тұрғызып, түбірлерін табайық. График салу:

Графикте $y = x^2 - 6x + 5$ параболасы көрсетілген. Бұл парабола xxx -осын $(1, 0)$, $(5, 0)$ және $(5, 0)$ нүктелерінде қиып өтеді. Осылайша, теңдеудің түбірлері $x_1 = 1$ және $x_2 = 5$.

7. Қорытынды

Квадрат теңдеулер — математика мен оның қосымшаларында маңызды орын алатын негізгі ұғымдардың бірі. Бұл теңдеулердің шешімдерін табу әдістері (дискриминант әдісі, Виет теоремасы, толық квадратқа келтіру және графикалық тәсіл) түрлі жағдайларда қолданылады. Әрбір әдістің өзінің артықшылықтары мен қолдану салалары бар.

Квадрат теңдеулердің қасиеттерін тереңірек түсіну арқылы біз физика, экономика, инженерия, биология сияқты ғылым салаларында күрделі есептерді шеше аламыз. Мысалы, заттың қозғалыс траекториясын болжау, өндіріс тиімділігін есептеу немесе құрылымдардың тұрақтылығын тексеру мәселелерінде квадрат теңдеулер үлкен рөл атқарады.



Бұл мақалада:

- Квадрат тендеудің негізгі теориясы қарастырылды.
- Оны шешу әдістері талданып, нақты мысалдар келтірілді.
- Квадрат тендеулердің практикалық қолданылу мүмкіндіктері көрсетілді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. К.А. Айтқожин, А.Ж. Байшоланов. «Алгебра және анализ бастамалары», — Алматы: Мектеп, 2016;
2. И.М. Смирнов. «Алгебра және геометрия анықтамалығы». — М.: Просвещение, 2015;
3. Т.Ж. Бекбосын. «Қолданбалы математика және физика». — Астана: Фолиант, 2018;

4. О.Н. Беляев. «Математиканы инженерияда қолдану». — М.: Высшая школа, 2013;
5. Н.Д. Ершов. «Экономика және математика негіздері». — Новосибирск: СибАК, 2014;
6. Г. Струве. «Ежелгі шығыс математикасы», — Лондон: Cambridge Press, 2009;
7. Электрондық ресурстар Wolfram MathWorld — «Quadratic Equations Overview». Қолжетімді: mathworld.wolfram.com;
8. Khan Academy — «Quadratic Equations and Their Applications». Қолжетімді: khanacademy.org;
9. М. Кравчук. «Алгебралық тендеулердің шешімдері». — М.: Наука, 2007.



Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты		10.3.1.1 - Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 - Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 - Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау.		
Сабақтың мақсаты		Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау		
Құндылықтар		Ұлттық мүдде:Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Талап: Сыни және креативті ; Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидасын қолдау.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

ПЕДАГОГ 39



	Ақпарат- тар туралы мәлімдеме				терминдерін қолдану; 2. Тайпалық одақтардың хронологиялық қалыптасу ке- зендерін білу; 3. Тақырып бо- йынша 2-3 дә- лел келтіріңіз; 4. 120-150 сөз. Қорытынды:	«Екі жұлдық, бір ұсы- ныс» Өзін-өзі бағалау	Ғұндар http://e-his- tory.kz/kz/ contents/ view/gundar _504 Хроноло- гиялық Сақтар туралы https:// www.you- tube.com/ watch?v= 4AlHjj- UPTas Үйсіндер тарихы http:// www.tarih- begalin- ka.kz/ru/ history/ ancient/ history/ tarixy https:// www.you- tube.com/ watch?v= WOSIW- wjeJmU
	Деректер және сіл- темелер						
	Уақытты тиімді пайдалану						
	ЕБҚ оқушыға тапсырма шығарылып беріледі. Таблица толтыру.						
		Сақ- тар	Үйсін- дер	Ғұн- дар			
	Қалыптасуы						
Саяси құрылысы							
Тайпалық одақтар мен мемлекеттер туралы дерек- тер							
Қорытынды							
Әссе тақырыбы: Сақтар, Үйсін және Ғұн тайпалық одақтарындағы мемлекеттіліктің қалыптасуы. 20 мин. ЕБҚ: оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі.							
Бекіту	Сабақты қорытындылау бүгінгі зерттеулер мен ақпарат алмасу барысында алған білімдерін қолданып үшбұрыш әдісімен қорытынды жасау Үйге тапсырма беру. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы				Оқушылар та- қырыпты қорытындылау	«Ең үздік жауап»	Ақпараттық карточка
Кері бай- ланыс	Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды. Бұл ... қиындық туғызды. Осы ... мені ойландырды.				Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жаза- ды.	Оқушы- лар өз деңгей- лерін бағалай- ды.	A4, конспект.

Жолдасбек Жарасханұлы МАХАМБЕТОВ,
«№22 орта мектебі» КММ-нің тарих пәні мұғалімі.
Ақбасты ауылы,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.



Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы



Акжайык
Наурзбековна
БЕЙСАЛИЕВА,
Ы. Сүлейменов
атындағы №37 орта
мектеп
жанындағы
«Нұршуақ»
шағын орталығының
тәрбиешісі.
Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ — ұлтымыздың баға

жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы — балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи пе-





педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі — өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім — егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамы-

ту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу — білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы — ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман бала-





сын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педаго-

гикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша — барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала — болашағымыз, бала — қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.



Ою-өрнек әлемі



Жансулу Сахиевна САТТАРОВА,
№37 орта мектеп жанындағы
«Нұршуақ» шағын орталығының тәрбиешісі.
Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.

Мақсаты: Балаларды халық мәдениетіне тәрбиелеу, қазақ халқының әдет-ғұрыптарымен, қол өнерімен таныстыру.

Білімділік: қазақ халқының ою-өрнектері мен халықтың әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру.

Дамытушылық: Балалардың тілдерін дамыту. Саусақ маторикасын жетілдіру. Жеке жұмыс атқара білуге баулу, ойлау қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік: Ою-өрнектерді дұрыс тануға, атауларын білуге, шеберлікке ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсіл: Тақырыпқа сай суреттермен, көрме, оюлар үй жануарлары.

Сөздік жұмыс: Ою-өрнек: қошқармүйіз, түйтабан, толқын.

Билингвалдық компонент: Ою – узор, өрнек – орнаменты.

Заттық дамыту ортасы: Слайд, ұлттық ою-өрнектер, кигіз үй, киіз үлгісі, ою-өрнектермен безендіріліп жасалған заттар, ұлттық ыдыстар, ақ қағаз немесе мата, трафарет, желім, түрлі-түсті бояулар, қайшы, асықтар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына келеді шеңбер бойымен тұрады. Келген қонақтармен амандасады. Шаттық шеңберге тұрады. Шаттық шеңбері: Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тыныш болсын Отаным Аман болсын достарым.	Шеңбер бойы тұрып, қимылдарды орындайды.
Ұйымдастыру-ізвестіру	- Балалар, қазір бізде жылдың қай мезгілі? - Балалар, бізге қонақ келіп отыр, бұл Айсұлу атты қуыршақ. Қуыршақтың үстіндегі киіміне назар аударайықшы. Киімдерімен таныстырып атап өтеді. - Менім соңымнан қайталап айтамыз танысамыз. Сәукеле, қамзол, көйлек, ою-өрнектер. - Айсұлудың киімдері өте әдемі екен. - Неге әдемі екенін білесіңдер ме?	- Күз мезгілі. Қуыршаққа назар аударып, үстіндегі киімінің ою-өрнектерін көреді. Балалар киімдерін атап өтеді. - Әдемілік үшін. - Жоқ.



	- Өйткені Айсұлудың киімі ою-өрнектермен безендірілген. Ою-өрнектер киімдерге ерекше әдемілік, сәндік береді. - Сонымен оюлар, не үшін керек екен, балалар? Сонымен қатар осы ою-өрнектер арқылы, біз бұл киімдер Қазақ халқының ұлттық киімі екенін біле аламыз. Айсұлу бізге бос қол келмепті. Айсұлу біз үшін керемет, әдемі суреттерді әкеліпті. Бірақ ең алдымен мен сендерге жұмбақ жасырамын. Ал сендер маған жұмбақтың шешімін айту керексіңдер. Тәрбиеші жұмбақтарын жасыра бастайды: Жұмбақтар <i>Киелі бір жануар</i> <i>Үстінде екі тауы бар. (Түйе)</i> - Дұрыс, (слайдты көрсетеді) мына ою «түйетабан» деп аталады. Түйетабан оюы түйенің басқан ізіндегі қос табанына ұқсағасын осындай атқа ие болды. Сондай-ақ «Өркеш» деген ою-өрнегі де бар. - Ал «өркеш» деп біз түйенің арқасындағы таушығын айтамыз. Келесі жұмбақты тындаймыз. <i>Кішкентай ғана бойы бар,</i> <i>Аударып киген тоны бар. (Қой)</i> - Дұрыс, мына сурет не нәрсеге ұқсайды? - Қошқардың мүйізіне ұқсайды. Бұл ою «қошқармүйіз» деп аталады. «Қошқармүйіз» өте көне ою болып табылады. Келесі жұмсақ. <i>Айнаға қараймын,</i> <i>Шашымды тараймын. (Тарақ)</i> Дұрыс айтасындар, ол тарақ, адамдардың жиі қолданатын заты. - Бұл ою-өрнек тарақтың тістеріне өте ұқсайды. Сондықтан да ол «тарақ» оюы деп аталады. Келесі жұмбақ. <i>Адамға серік</i> <i>Күзетке берік. (Ит, күшік)</i> - Осы өрнек күшіктің құйрығына ұқсайды, сол себептен «Итқұйрық» деп аталады. - Балалар, біз оюлардың атауларымен таныстық. Біздің апа әжелер осы ою-өрнектерді қол шеберлікте қолданған. Осы оюларды киімдерге, алашаларға, кигіз үйіне басып, тігіп, ойып,	Тәрбиешіні тындап отырады. - Сәндік, әдемілік үшін. Ою-өрнектердің суреттеріне назар аударып, тындап, танысып отырады. Слайдты тамашалайды. Жұмбақты мұқият тындап жауабын айтады. - Түйе. - Қошқар. - Тарақ - Күшік.
--	---	---



	қол өнерін дамытқан. Осындай әдемі ою-өрнектерді жан-жануарларға, өсімдіктерге, құстарға қарап соларға ұқсатып, ойлап шығарған. Қазақ халқының қол өнері — бай және оның түрлері де көп. Мысалы: Кесте тігу, тоқу, өру, ұлттық киімді әшекейлеу, киіз басу, ағаш бетіне суретін салу, ағаштан жасалған ыдыстарды бұйымдарды жону арқылы оюлап қолөнерін дамытқан. Қанекей, қолөнер түрлерін қайталап айтайықшы, олар; кесте тігу, тоқу, өру, ұлттық киімді әшекейлеу, киіз басу. Ою-өрнектер — қазақ халқының қол өнерінің ең негізгісі және ең маңыздысы болып табылады. Көп ою-өрнектерді киіз үйдің ішінен көруге болады. Киіз үйді көрсетеді. Сұрақ қояды. - Бұл не? - Дұрыс, киіз үй. Киіз үйдің ішінде біз әр түрлі оюларды өрнектерді көре аламыз. Ата-бабамыздың осындай әдемі, көрікті ою-өрнектері барлық елге танымал. <i>Сергіту сәті</i> Аққу болып ұшамыз, Көлге келіп қонамыз. Көлдің бетін құшамыз, Қайта самғап ұшамыз. Ұшып, ұшып аламыз, Орымызғы барамыз. - Балалар, біз жаңа осындай әдемі ою-өрнектерді киімдерден, ыдыстардан көре аламыз дедік. Сондай ақ кілем, алашадан көре аламыз деп айттым. Алаша, кілем, орамалда да біз мынадай ою-өрнектерді кездестіреміз. (Слайд арқылы көрсетіп таныстырады), атауларын айтып отырады. Олар: өсімдіктерге тәрізді «Гүл» ою-өрнегі. «Гүл» өрнегімен орамалдарды әшекейлейді. Сондай ақ «су толқынына» ұқсайтын мынадай ою-өрнектер болады. Олар: «Толқын» «Балдақ» оюлары. Қанекей, қайталап айтайықшы. - Гүл. - Балдақ. - Толқын. «Толқын» ою-өрнектерімен алаша, кілем шеттерін өрнектеуге пайдаланған. Егер осы ою-өрнектерді кестелеп салмаса онда біздің	Балалар, қайталайды. Кесте тігу, тоқу, өру, ұлттық киімді әшекейлеу, киіз басу, сурет салу, ағаш жону. - Киіз үй. Сергіту сәтін орындайды. Слайдтан ою түрімен танысып қайталап отырады. - Гүл. - Балдақ. - Толқын.
--	---	--



	қолданып жүрген заттар, киімдер ыдыстар әдемі көрікті болмайды. Балалар, еліміздің болашағы, ата дәстүріміздің жалғасын жалғастыратын, олар сіздер боласыздар. Осындай ата дәстүрімізді қол өнерімізді сақтап, оны көркейтуге, қастерлеуге, жалғастыруға, бағалап құрметтеу керекпіз. Мінекей, осындай әдемі суреттермен бізді Айсұлу қуыршағымыз таныстырып шықты. Енді Айсұлудың бізге деген шағын көрмесі бар екен, сол көрмеге назар аударайық.	Тәрбиешіні тындап түсініп отырады. Балалар көрмеге назар аударады.
Рефлексивті-түзетушілік	<i>Қорытынды.</i> - Балалар, біз бүгін немен таныстық? - Дұрыс ою-өрнектермен таныстық. - Қандай ою-өрнектерді біз білеміз, қанекей атап өтейікші? - Ою-өрнектермен нені безендіріп әдемілейді? - Ою-өрнектер біздің киімдерімізге қандай ерекшелік береді? - Дұрыс, Енді осы сөздерге тағыда қандай сөздерді ұйқастыруға болады, мағынасы бірдей. - Жасаған оюымызды қайда апардық? - Балалар, біздің еліміздің болашағы сіздер боласыздар. Сол себептен біздің халқымыздың өнерін бағалап, сақтап, қастерлеп біліп жүріңіздер. Осындай әдемі ою-өрнектер, ол ата-бабамыздан қалған құнды қол өнері екенін есте сақтаңыздар. Жақсы балалар, сіздер бүгін сондай жақсы жұмыс атқардыңдар, мен және Айсұлу сіздерге ризамыз. Айсұлу қуыршағы сіздерге өз сыйлығын бергісі келіп отыр. Ол, мінекей мынандай төсбелгі, қабыл алындар. Рахмет сіздерге. - Қанекей, қонақтармен қоштасайық.	- Ою өрнектермен. - Қошқармүйіз, түйе-табан, толқын, гүл, т.б. - Киімдерді, ыдыстарды. - Әдемілік. - Әдемі, көрікті, сәнді. - Көрмеге апардық. Сыйлықтарын алады. Сау болыңыздар.

Күтілген нәтиже:

Нені білу керек: Ою-өрнектердің атауларын. Олардың жасалу жолдарын.

Игеру керек: Ұлттық құндылықты бағалауға, құрметтеуге.

Үйрену керек: Ою-өрнектерді өз қолдарымен жасауға. Тазалықты сақтауға. Дәстүрді, өнерді сүйюге, құрметтеуге.



Индекс 75487

ПЕДАГОГ

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Басылым индексі

АБОНЕМЕНТ

Педагог

75487

	Комплекті саны	
--	----------------	--

2025 жылға, айлары

кайда					

кімге _____ (почта индексі) _____ (мекен-жайы)
_____ (аты, жөні)

**Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!**

ПВ

орны	

Тасымалдау карточкасы

75487

Басылым индексі

Бағасы	Жазылу мекен- жайын өзгерту	...теңге ...теңге	...тиын ...тиын	комплекті саны	
--------	--------------------------------------	----------------------	--------------------	-------------------	--

2025 жылға, айлары

кайда					

кайда

(почта индексі)

(мекен-жайы)

(аты, жөні)

